

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**Жалпы білім беретін мектептерде арнайы сыныптардың
жұмысын ұйымдастыру**

Әдістемелік ұсынымдар

**Организация деятельности специальных классов
в общеобразовательных школах**

Методические рекомендации

Астана 2016

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2016 жылғы 22 шілдегі № 6 хаттама)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 6 от 22 июля 2016 года)

Жалпы білім беретін мектептерде арнайы сыныптардың жұмысын ұйымдастыру. Әдістемелік ұсынымдар.-Астана:Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА , 2016. – 47 б.

Организация деятельности специальных классов в общеобразовательных школах. Методические рекомендации.- Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2016. – 49 с.

Әдістемелік ұсынымда жалпы білім беретін мектептердегі арнайы сыныптарда оқитын сенсорлы, сөйлеу қабілеті, жүріп-тұру мүшелерінің функциялары бұзылған, орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушыларды оқу-тәрбие процесі мен психологиялық-педагогикалық қолдаудың ерекшеліктері баяндалған. Қосымшада құжаттардың үлгілері көрсетілген. Ұсынымдар басшыларға, облыстық және аудандық білім бөлімдерінің мамандарына, жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдері мен әкімшілігіне арналған.

В методических рекомендациях изложены особенности учебно-воспитательного процесса и психолого-педагогического сопровождения школьников с сенсорными, речевыми, двигательными и интеллектуальными нарушениями, обучающихся в специальных классах в общеобразовательной школе. В приложениях приведены образцы документации. Рекомендации предназначены руководителям, специалистам областных и районных отделов образования, администрации и педагогам общеобразовательных школ.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2016.

© Национальная академия образования
им. И. Алтынсарина, 2016.

Мазмұны

Кіріспе.....	4
1 Жалпы білім беретін мектептерде арнайы сыныптардың жұмысын ұйымдастырудағы ұстанымдар.....	6
1.1. Арнайы сыныптарды ашудың мақсаттары мен міндеттері.....	6
1.2 Арнайы сыныптардың қызметін ұйымдастыру ұстанымдары.....	7
2 Арнайы сыныптардағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері.....	16
3 Жалпы білім беретін мектептердегі ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды түзете-дамыта қолдау	20
Қорытынды.....	33
Глоссарий.....	34
Қолданған және ұсынылған дереккөздердің тізімі.....	35
Қосымша.....	37

Кіріспе

Сенсорлы, сөйлеу қабілеті, жүріп-тұру мүшелерінің функциялары бұзылған, орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушыларды сапалы біліммен қамтамасыз ету олардың түрлі кәсіби және әлеуметтік әрекеттерде табысты әлеуметтенуі мен тиімді өзін-өзі таба білудің негізгі шарттары.

Негізге алатын халықаралық құжаттарға сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасы жоғарыда айтылған оқушылар санаты үшін білім беруде тең дәрежелі құқықтар ұстанымын қарастырады. Білім алудағы құқықтар кепілдері Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында балалар құқықтары туралы», «Білім беру туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңдарында бекітілген. Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңының 6-шы бабына сәйкес ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларға (балаларға) білім алу үшін Арнайы жағдай жасау жергілікті атқарушы ұйымдар күзiреттілігінде. Арнайы жағдайларға «Арнайы білім беру бағдарламалары мен Арнайы оқыту әдістері, техникалық және басқа да құралдар, өмір сүру ортасы, сонымен қатар медициналық, әлеуметтік және жалпы білім беру мен кәсіби білі беру бағдарламаларын меңгеру мүмкін емес басқа да қызметтер түрлері» жатқызылған [1].

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырында бекіткен №499 қаулысымен бекіткен жалпы білім беру ұйымдар (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) қызметінің үлгілік Ережелері бойынша аталған оқу ұйымдарында түрлі кемтарлықтар бойынша ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды оқыту үшін, ата-аналар қызығушылықтарын ескере, жергілікті білім беру басқармаларымен келісіле отырып арнайы сыныптар ашу мүмкіндіктері қарастырылған. Арнайы сыныптарды ашудың басты мақсаты аталған санаттағы оқушылар үшін олардың жеке типологиялық ерекшеліктеріне, соматикалық және жүйке-психологиялық денсаулығының жай-күйіне сәйкес қолайлы педагогикалық жағдай жасау.

Қазақстанның Жалпы білім беретін мектептерінде арнайы сыныптар КСРО ағарту Министірінің 1981 жылдың 3 шілдесіндегі № 103 бұйрығы мен КСРО ағарту Министірінің 1985 жылдың 17 қыркүйегіндегі №72-М хаты негізінде өткен жүзжылдықтың 80-ші жылдарының басында ашыла бастаған. «Теңестіру сыныптары» деп аталатын арнайы сыныптар, ең алдымен даму кемтарлығында саны көп оқушылар санаты болып саналатын психикалық дамуының тежелуі бар (ПДТ) оқушылар үшін ашылаған. Оқу процесі мен сыныптардың жұмыс істеу күнтәртібі физиолог, медициналық қызметкерлер мен дефектологтардың көпжылғы кешенді ғылыми зерттеулерінің нәтижелеріне негізделген. Зерттеулер нәтижелері бұл санаттағы оқушылар үшін оқу еңбегі мен демалудың рационалды үйлесімдігін, Арнайы түзету сабақтарын өткізуді және де кешенді емдік-түзету шараларды қамтамасыз ететін оқыту Арнайы жағдай жасау қажеттілігін куәлендірген.

Психикалық дамуының тежелуі бар балалар үшін арнайы сыныптарда Арнайы жағдай жасау жалпы білім беретін мектептің қызметін сапалық тұрғыдан жақсарту жұмысының бір формасы ретінде қарастырылған.

Ғалымдармен әзірленген саралай түзете-дамыта оқыту жүйесі келесі нормативті құжаттармен қамтамасыз етілген: теңелту сыныптардың Ережелері, арнайы сыныптарға қабылдау ұсынымдары, бірнеше оқу жоспарларының нұсқалары, 1986 жылы бекітілген бастауыш сыныптар үшін арнайы үлгілік бағдарламалар.

Психикалық дамуының тежелуі бар оқушыларға арналған сыныптарға, жалпы білім беретін мектептердің бірінші және екінші сыныптарында оқыған, мектеп бағдарламасын меңгеруде тұрақты қиындық көрген, сонымен қатар мектепте оқымаған және балабақшада психикалық дамуының тежелуі бар ретінде диагностикаланған 6-9 жастағы балалар қабылданған. Осыдан бастауыш сыныптар құрлымы екі нұсқада берілген: 1-ші нұсқада – 2, 3, 4 сыныптар құрамында – жаппай мектепте нәтижесіз оқытылған оқушылар үшін; 2-ші нұсқа – мектепалды даярлық, 1, 2, 3, 4 сыныптар құрамында – алдында мектепте оқытылмаған балалар үшін. Толық емес орта мектепті бітірген теңестіру сыныптардың түлектері жаппай мектептер үшін бекітілген білім беру куәлігін алған.

Өткен ғасырдың 90-шы жылдар ортасында Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін оңтайландыру процесі кезінде жалпы білім беретін мектептердегі арнайы сыныптар саны қысқартылды, сақталып қалған сыныптар кешенді түрде берілетін Арнайы білім мен жағдайларды жоғалта бастады (ұзартылған күн, ыстық тамақ, логопедтің көмегі және т.б). Олардың қызмет етуін қамтамасыз ететін қажетті нормативті-құқықтық негіз де құрылған жоқ.

Соңғы онжылдықта еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде дамуында кемтарлығы бар оқушылардың түрлі санатына арналған арнайы сыныптар көбейіп саны 1200-ден астам болды, бұл осы сыныптарда оқытылатын оқушыларға отбасында тұрып жергілікті мекенжайы бойынша оқуға, ал мектептерге білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының үкіметімен ратификацияланған халықаралық құқықтық актілердің талаптарына сәйкес инклюзивтілік ұстанымы тұрғысынан дамуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, арнайы сыныптардың нормативті және әдістемелік жұмысы осы күнге дейін қамтылмаған, бұл арнайы сыныптар жағдайында оқытылатын, қарастырылып отырған санаттағы оқушылар үшін көрсетілетін білім беру қызметінің сапасына кері әсер етуде. Жалпы білім беретін мектеп әкімшілігін, мұғалімдер кадрлары мен мамандарды арнайы сыныптарда жұмыс істеу үшін дайындау жүйелілік сипатқа ие болған жоқ. Бұл еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде дамуында кемтарлықтары бар оқушылар үшін қызмет ететін арнайы сыныптарда оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері мен жұмысты ұйымдастырудың ұстанымдарын ашып қарастыратын әдістемелік ұсынымдарды әзірлеудің аса қажеттілігін көрсетеді.

1 Жалпы білім беретін мектептерде арнайы сыныптардың жұмысын ұйымдастырудағы ұстанымдар

1.1 Арнайы сыныптарды ашудың мақсаттары мен міндеттері

Арнайы сыныптар әдеттегі сыныпта дәстүрлі оқыту жағдайында қанағаттандырылмайтын ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушыларды саралай оқытудың бір формасы болып табылады.

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушылар қатарына «...денсаулығына байланысты білім алуда ұдайы немесе уақытша қиындық көріп жүрген, арнайы, жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын қажет ететін адамдар...» жатқызылған [1].

Білім беру саласындағы көпжылдық дәстүрге сәйкес денсаулығына байланысты ерекше білім беруге қажеттілігі бар тұлғалар ретінде кеңінен танылғандар: естімейтіндер, нашар еститіндер, көрмейтіндер, нашар көретіндер, сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар тұлғалар, ақыл-ой кемістігі бар оқушылар, психикалық дамуы тежелген тұлғалар, тірек-қозғалыс аппараты бұзылған, мінез-құлқында эмоционалдық ұзылыстары бар бұзылған тұлғалар.

Жоғарыда көрсетілген оқушылардың танымдық мүмкіндіктері мен ерекше білім беруге қажеттіліктеріне сәйкес жергілікті мекенжай бойынша білім алу құқықтарын іске асыру арнайы сыныптардың қызмет етуіне негіз болып табылады.

Сонымен бірге ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушылардың қоғамда әлеуметтік бейімделуіне және бірігуіне, отбасының өз баласының дамуы мен тәрбиеленуіндегі рөлін арттыруға мүмкіндік жасалады.

Жалпы білім беретін мектептерде арнайы сыныптарды ашу келесі міндеттерді шешуді көздейді:

– мектеп әкімшілігі, педагогикалық және оқушылар ұжымы мен ата-аналар қауымдастығы тарапынан ерекше білім алу қажеттіліктері бар оқушыларға деген жағымды көзқарас қалыптастыру, білім беру процесінің барлық қатысушылар үшін білім беру ұйымдарында үнемі жайлы психологиялық ортаны қолдау;

– есту, көру, сөйлеу қабілеті, жүріп-тұру мүшелерінің функциялары бұзылған, психикалық дамуының тежелуі бар оқушылар үшін ҚР ЖМБС міндетті минимум көлемінде білім беру мазмұнын меңгеруге мүмкіндік туғызатын жағдай жасау, ал ақыл-ойы кенжелеп қалған оқушылар үшін олардың жалпы білім беретін пәндер бойынша қолжетімді мазмұнын меңгеруге, күнделікті өмірлік және бастапқы еңбек дағдыларының қалыптасуына жағдай жасау;

– дені сау құрдастарымен бірге ортақтасқан әрекетте ерекше білім беруге қажеттіліктері бар оқушылардың әлеуетті мүмкіндіктерін дамыту;

– жалпы білім беру жағдайында оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамту;

– табысты оқуы мен дамуына кедергі болатын психикалық кемістіктерін қалпына келтіруге немесе бәсендетуге бағытталған түзете-дамыта білім беруді ұйымдастыру;

– ерекше білім беруге қажеттіліктері бар оқушыларды тәрбиелеп отырған отбасыларына кеңестік көмек көрсету, отбасын оқушыны оқыту және тәрбиелеу процесіне кіріктіру, баласының дамуындағы ерекшеліктеріне дұрыс көзқарас қалыптастыру.

1.2 Арнайы сыныптардың қызметін ұйымдастыру ұстанымдары

Жалпы білім беретін мектептерде түрлі кемтарлық бойынша ерекше білім беруге қажеттіліктері бар оқушылар үшін арнайы сыныптар ашу туралы шешім білім беру саласындағы жергілікті атқарушы ұйымдармен қабылданады. Бала арнайы сыныпқа заңды өкілдің өтініші және психологиялық-медициналық – педагогикалық кеңестің (ПМПК) оқу бағдарламасы көрсетілген тұжырымдамасы негізінде білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен қабылданады.

Арнайы сыныптар қажетті Арнайы жағдайлар (материалды, кадрлік, оқу-әдістемелік) жасалғанда ғана ашылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырында бекіткен №499 қаулысымен бекіткен жалпы білім беру ұйымдар (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) қызметінің Үлгілік ережелеріне сәйкес жалпы білім беретін мектептерде арнайы сыныптар ерекше білім алу қажеттіліктері бар оқушылардың барлық санаттары үшін ашылуы мүмкін:

- есту қабілеті бұзылған (нашар еститін және естімейтін);
- көру қабілеті бұзылған (нашар көретін және көрмейтін);
- сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар;
- тірек-қозғалыс аппараты бұзылған;
- психикалық дамуы тежелген;
- жеңіл ақыл-ой кемістігі бар;
- орташа ақыл-ой кемістігі бар;

Арнайы сыныптардың жұмысын ұйымдастыру ұстанымы оқушылардың ерекше білім алу қажеттіліктері мен мүмкіндіктері сәйкес сапалы білім алу құқтары ұстанымы негізінде іске асырылады. Негізгі ұйымдастыру ұстанымдарына келесіні жатқызуға болады:

- 1) оқушылардың ерекше білім беруге қажеттіліктерін ескеру;
- 2) орта білім беру ұйымдарында арнайы білім беруге жағдай жасау;
- 3) ерекше білім беруге қажеттіліктері бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдауды іске асыруда командалық тәсіл;
- 4) арнайы сыныпта оқитын оқушылардың кез-келген оқыту кезеңінде жалпы білім беруге бірігуі.

Оқушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін есепке алу

Арнайы педагогикада «ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалар» терминінің мазмұны, қалыпты даму жағдайындағы қоғамда жаппай білім беруге дәстүрлі және қабылданған тәсілдермен қол жетізуді көздейтін мәдени даму міндеттерін шешуді «айналма жолдармен» жүзеге асыруды қажет ететін мүмкіндігі шектеулі балалар түсінігімен мағыналас болып келеді [2].

Қазіргі заманауи ғылыми көзқарастар мен зерттеулер даму мүмкіндігі шектеулі балалардың әртүрлі категориялары үшін ортақ, жалпы білім беруге қажеттіліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Сонымен, арнайы педагогикалық қолдау мен оқытудың бастапқы кезеңі тұрғысынан алып қарағанда – бұл бала дамуындағы бұзылыстарды анықтау мен мақсатты оқытубасталуының сәйкес келуіне деген қажеттілік. Егер есту немесе көру бұзылыстары балаөмірге келген бастапқы айларда анықталса, онда оқыту да өмір сүруінің бірінші айында басталуы керек. Біздің елде қалыптасқан бала дамуындағы ауытқуларды анықтау жүйесінде мұндай бұзылыстардың бала мектепке барған кезде ғана анықталуы мүмкін. Осыған байланысты даму ерекшелігіне сәйкес оқушылардың қиындықтарын дұрыс тұжырымдауға және білікті көмек көрсете білуге дайын болу үшін жалпы білім беретін мектептердегі педагог кадрлардың кәсіби құзыреттіліктерін кеңейту қажет болады. Ауыр жағдайларда педагог мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызмет мамандарының көмегіне жүгінуі тиіс. Оқушының ата-аналарын психологиялық-медициналық – педагогикалық кеңес (ПМПК) мамандарының білікті кеңесін алуға көндіре білудің де аса маңызды екені белгілі.

Білім мазмұны тұрғысынан қарағанда, бұл қажеттілік – қалыпты даму үстіндегі оқушыға берілетін білім мазмұнына кірмейтін, арнайы оқыту бөлімдерін енгізу (мысалы, естімейтін, нашар еститін, кейіннен естімейтін болып қалған балаларға есту-көру немесе көру арқылы тілді қабылдауды дамыту бойынша сабақтар өткізу, өз тәртібі мен қоршаған ортадағы адамдармен қарымқатынас жасауды өзбетінше саналы реттеу механизімін қалыптастыру және т.б). Бұл сұраныс қарастырып отырған санаттағы оқушыларды оқыту тәжірибиесіне Арнайы және бейімделген оқу бағдарламаларын, сонымен қатар түзету кезеңіндегі бағдарламаларды енгізу арқылы қанағаттандырылады. Арнайы және бейімделген оқу бағдарламалары мазмұндары оқушының мектепке дейінгі оқу мен дамуындағы олқылықтарды толықтыруға бағытталған болса, түзету кезеңіндегі бағдарламалар мазмұны оқушылардың дамуындағы ауытқуларды қалпына келтіруге немесе жеңуге бағытталған. Бұл ерекше білім алу қажеттіліктері бар оқушыларды Арнайы пәндер цикіліндегі (жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушылар үшін) және даму мүмкіндігі шектеулі оқушылардың барлық санаты үшін түзету пәндерін (үлгілі оқу жоспарлары) қамтитын Арнайы оқу жоспарларымен оқытуды көздейді.

Оқыту құралдары мен әдістер тұрғысынан алғанда, бұл – «айналмалы жолдарды» құруға, айрықша оқыту құралдарын қолдануға, қалыпты дамудағы оқушылармен салыстырғанда, бұл балалар үшін анағұрлым қажет болатын, даралап, «қадамдап» оқыту тәсілдерін құруға (мысалы естімейтіндерді оқытуда

дактилологиялық және ым-ишараттық сөйлеу тілін қолдану, көрмейтіндерді оқытуда Брайльдің рельефті-нүктелік шрифті қолдану, естімейтін балаларды жазу мен оқуға ерте үйрету) деген қажеттілік.

Дамуында мүмкіндіктері шектеулі оқушыларды оқытуда Арнайы әдістер мен тәсілдерді қолдану, заманауи техникалық құралдар мен АКТ қолдану тәсілдері Арнайы педагогикада, оның бөлімдерінде әзірленген: сурдопедагогикада, тифлопедагогикада, олигофренопедагогикада, логопедияда және оқу пәндерін оқытуда Арнайы әдістер. Бұл әдістер мен тәсілдер жалпы білім беру мұғалімдерінің игілігі болу керек, ол үшін педагогтердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау курстары арқылы Арнайы дайындықтан өтулері, сонымен қатар тұрақты негізде жалпы білім беру педагогтерін кәсіби кеңестік қолдау қажет.

Оқытуды ұйымдастыру тұрғысынан – сапалы түрде даралап оқытуға, білім беру ортасын арнайы кеңістікте және белгілі бір уақыт аралығында ұйымдастыруға (мысалы аутизмі бар оқушылар, болып жатқаның мағынасын түсінуді жеңілдететін, оқиғалар желісін айтып беруге және өз тәртібін жоспарлауға мүмкіндік беретін білім беру кеңістігін айрықша құрастыруды қажет етеді. Жүріп-тұру мүшелерінің функциялары бұзылған оқушыларға кедергісіз орта қажет: ыңғайлы пандустар, кең есіктер, Арнайы жабдықталған сандық құрылғылар және т.б.) деген қажеттілік. Дамуында шектеулі мүмкіндіктері бар барлық оқушыларға, жұмыс істеу қабілетінің төмендігін, қажетті ұзақтықтағы үзілісті, түзете-дамыту шараларды өткізу үшін, серуендеу мен демалу үшін ұзартылған күн тәртібімен бірінші аусымда оқытуды ескеретін аялауыш педагогикалық тәртібі қажет. Даралап оқыту оқушының қойылатын талаптарға сәйкестігін, оның танымдық мүмкіндіктері мен шынайы оқу жетістіктерін тұрақты қадағалау арқылы қолжетімді болады. Оқыту мен түзету жұмыстары әсерінен оқушылардың қажеттіліктері мен мүмкіндіктері де үнемі өзгеріп отырады, сондықтан тұрақты қадағалау, ауыспалы психологиялық-педагогикалық диагностика оқу процесінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Білім беру кеңістігінің шегі тұрғысынан алғанда, бұл – білім беру кеңістігінің білім беру мекемесі мен арнайы сынып аясымен ғана шектелмей, мейлінше кеңейіп даму қажеттілігі. Дамуында мүмкіндігі шектеулі, психикалық ерекшеліктері бар оқушыға мейлінше беймделген, оның өмірлік тәжірибиесін және дені сау құрбылармен қарым-қатынас жасауды шектейтін амалсыздан қарапайымалған оқу және тәрбие ортасына байланысты баланы күрделі әрі түрлі ортаға кіріктіру үшін арнайы жұмыс қажет. Бұл жұмыстың мәні қолжетімді аяда оқушының күнделікті тәжірибесі мен арнайы байланысының кеңейюінде, сонын ішінде арнайы сынып оқушыларының мектептің кәдімгі сынып оқушыларымен тұрақты байланыс жасау жұмыстары. Бұл санаттағы оқушылардың әлеуметтік бейімдеу мәселесі оларды жеке қызығушылықтары мен мүмкіндіктерін ескере отырып, мәдени нормалар мен әлеуметтік рөлдерді меңгеру мақсатында, жеке және қоғамдық маңызды әрекеті бар қолжетімді тұрмыстық салаларға кіріктіру. Қарым-қатынас тәжірибиесінде

нақты мысалдарда оқушылар қоғамның әлеуметтік және мәдени тәжірибесін меңгеру керек.

Білім беру ұзақтығы тұрғысынан – оқу мерзімдерін ұзарту қажеттілігі. Тузету-дамыту және қалпына келтіру шараларды ұйымдастыру үшін және оқу-танымдық әрекеттің баяу қарқынын ескеріле отырып, дамуында ауытқулары бар оқушыларды бастауыш білім бері сатысында оқыту мерзімі нөлдік сынып енгізу есесінен 1 жылға және негізгі орта білім сатысында 10-шы сыныпты енгізу есесінен ұзартылған.

Білім беруге қатысушы тұлғаларды анықтау және олардың өзара әрекеті тұрғысынан алғанда – түрлі бағыттар бойынша жұмыс жасайтын арнайы мамандардың өзара үйлесімді жұмыс жасауына (арнайы психологтар мен педагогтар, әлеуметтік қызметкерлер, дәрігерлер, нейро- и психофизиологтар және басқалары), білім беруге ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың ата-аналарын білім беру құралдарын қолдана отырып балаларды оналту процесіне қатыстыруға деген қажеттілік.

Арнайы білім беру жағдайларын жасау

Арнайы білім беру жағдайлары есту, көру, сөйлеу қабілеті, жүріп-тұру мүшелерінің функциялары бұзылған, психикалық дамуының тежелуі бар оқушыларына ҚР ЖМББС талаптарына сәйкес бастауыш және негізгі жалпы білім беруде жоспарланған нәтижелерге жетуге, ал орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушылар үшін қолжетімді білімдерді, біліктер мен дағдыларды, әлеуетте тәуелсіз және өзбетінше өмір сүруге мейлінше мүмкіндіктерді қалыптастыруға, қолжетімді бастапқы еңбек дағдыларының қалыптасуына кепіл болу керек.

Арнайы жағдайлар жалпы мектепте және арнайы сыныпта оқыту процесін кадрлық, қаржылық, материалды-техникалық және басқада жабдықталуы мен қамтамасыз етілуінің талаптар жүйесі ретінде танылады. Аталған талаптардың іске асырылған біріктірілген нәтижесі болып мүмкіндіктері шектулі оқушылар мен олардың ата-аналары (заңды өкілдер) үшін ашық, жалпы дұрыс және ерекше білім беру қажеттіліктерімен, физикалық және эмоционалдық тұрғыдан жайлы; оқушылардың физикалық, психологиялық денсаулықтарын бекітуге, сақтауға кепіл бола алатын орта болу керек.

Ұйымдыстырушылықты қамту

Мүмкіндіктері шектеулі оқушылардың білім алу ұйымдастыруын Арнайы жағдайлармен қамту нормативті-құқықтық базаға негізделеді. Ерекше білім алу қажеттіліктері бар балалардың құқықтарын бекітетін нормативті базадан басқа сәйкес локальді актілерді әзірлеу қажет. Локальді нормативті актілер арнайы сыныптарда жоғары сапалы оқу процесін, педагог пен мамандардың (психологтің, логопедтің, арнайы педагогтің және т.б) жұмысын ұтымды басқаруды, әр маманның қызметін анықтауды, қарым-қатынас әдістері мен

өзарабағынушылықты қамтамасыз ете керек.. Арнайы сыныптар жалпы білім беретін мектептердің толық құрлымы, ал бұл сыныптардың оқушылары оқушылар ұжымының теңқұқықты мүшелері болуы керек. Арнайы сыныптардың ашылуына байланысты мектеп әкімшілігі білім беруді дамыту бағдарламасына өзгертулерді енгізулері, олардың жұмысы туралы ақпараттарды жинақтау және талдау жүйесін ойластырулары, басқарудың тұтас моделін жасаулары және бірыңғай басты құндылықтары бар педагогтер командасын құру бойынша жұмыс мазмұнын анықтаулары қажет. Ең маңызды локальді нормативті құжат деп білім беру кеңістігінің барлық қатысушыларының құқтары бекітілген, оқушының мүмкіндіктері мен ерекшеліктеріне сәйкес білім беру бағыттарының өзгеруінің құқықтық механизімі ескерілген ата-аналармен Келісімшартты, сонымен қатар Жалпы білім беретін мектептерде арнайы сыныптардың жұмысы туралы Ережелерді қарастыру керек.

Аталған локальді нормативтік актілердің жобалық үлгілері 1-ші және 2-ші қосымшаларда берілген. Сонымен бірге, әлеуметтік серіктестер: облыстық, қалалық ПМПК, аудандық психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті, қосымша білім беру ұйымдары, Арнайы мектептер, әлеуметтік қорғау мен денсаулық сақтау ұйымдары, қоғамдық ұйымдар арасынан жалпы білім беру мектептері қолдау және қарым-қатынас жасау жүйесі ұйымдастырылуы керек. Аталған ұйымдармен өзара қарым-қатынас келісімшарт негізінде құрылады.

Материалды-техникалық қамту

келесі талаптар мен ережелерді сақтаудан тұрады:

– ерекше білім алу қажеттіліктері бар оқушылардың қажеттіліктері ескерілген білім беру мекемесіне (мекеменің сәулетіне, білім беру процесін іске асыруға қажетті үй-жай саны мен орналасуына, олардың ауданына, жарықталуына, орналасуына және жұмыс, ойын зоналарының көлеміне, мамандармен түзету жұмыстарын жүргізу кабинеттеріне);

– ерекше білім алу қажеттіліктері бар оқушылардың қажеттіліктері ескерілген кітапхана үй-жайларына (ауданына, жұмыс зоналарын орналасуына, арнайы жабдықталған оқу залдарына, оқу орындарына, арнайы медиатекаларға, ерекше білім алу қажеттіліктері бар оқушылардың ата-аналары үшін осындай балаларды оқу мен тәрбиелеу саласында олардың құзыреттіліктерін арттыру мақсатында арнайы кітапханалық қорға);

– ерекше білім алу қажеттіліктері бар оқушылардың қажеттіліктері ескерілген тамақтану үй-жайларына;

– түзету ритмикасы сабақтарына, ЛФК-ға, еңбек шеберханаларына, әлеуметтік-тұрмыстық сабақтарын өткізуге, сабақтан тыс жұмыстарға арналған үй-жайларға;

– ерекше білім алу қажеттіліктері бар оқушылардың қажеттіліктері ескерілген акт залына;

– ерекше білім алу қажеттіліктері бар оқушылардың қажеттіліктері ескерілген спорт залына;

– медициналық қызметкерлерге арналған үй-жайға;

– осы мекемеде оқытылатын, ерекше білім алу қажеттіліктері бар оқушылардың қажеттіліктері ескерілген жиһазға, кеңселік жабдықталуына және тұрмыстық құрал-жабдықтарға;

– мектепте оқытылатын, ерекше білім алу қажеттіліктері бар оқушылардың қажеттіліктері ескерілген, білім беру процесін санитарлық-гигиеналық қамтылуына (сумен қамту, канализация, жарықталу, ауа-жылу тәртібі талаптарына);

– ерекше білім алу қажеттіліктері бар оқушылардың қажеттіліктері ескерілген санитарлық-тұрмыстық қамтылуына (жабдықталған гардеробтардың, сантехникалық құралдардың, жеке гигиена орынның бар болуы);

– ерекше білім алу қажеттіліктері бар оқушылардың қажеттіліктері ескерілген әлеуметтік-тұрмыстық қамтылуына (дұрыс жабдықталған оқушы кеңістіне, оқушының жұмыс орнына);

– жүріп-тұру мүшелерінің функциялары бұзылған оқушылардың білім беру ұйымының инфраструктурасына кедергісіз қолжетімділігіне қойылатын талаптардың орындалуында.

Бағдарламалы-әдістемелік қамтылу

арнайы сыныптарда білім беру процесін ұйымдастыру мен оны ерекше жағдайларда іске асыруға байланысты білім беру процесінің барлық қатысушыларының кез-келген ақпаратқа тұрақты қолжетімділігіне жағдай жасауды (ерекше білім алу қажеттіліктері бар оқушыларға арналған Үлгілік оқу жоспарлары, есту, көру, сөйлеу қабілеттері, жүріп-тұру мүшелерінің функциялары бұзылған, психикалық дамуы тежелген, жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыларына арналған оқу бағдарламалары мен әдістемелік нұсқаулықтар) қамтиды.

Білім беру ұйымы оның кітапханалық қоры арнайы білім сынып оқушыларының қажеттіліктеріне сәйкес оқу жоспарының барлық оқу пәндері бойынша ОӘК-мен соның ішінде олардың құрамдас бөлігі болып табылатын электронды қосымшалары бар оқулықтармен, оқу-әдістемелік әдебиеттермен және арнайы дидактикалық материалдармен қамтылуы керек. Педагогтар мен мамандардың ерекше білім алу қажеттіліктері бар оқушыларға арналған электронды және баспа білім беру ресурстарына қолдары жетімді болу керек. Мектеп кітапханасы арнайы педагогика мен арнайы психология бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиетпен қамтылуы керек, сонымен бірге ерекше білім алу қажеттіліктері бар әртүрлі санаттағы оқушыларды оқыту және тәрбиелеудегі өзекті мәселелер бойынша қосымша әдебиет қоры болу керек (ғылыми-әдістемелік әдебиет, анықтамалы-библиографиялық және мерзімді баспалар).

Кадрлық қамтуға келесілер жатады:

– жалпы білім беру мектептерінің дамуында мүмкіндіктері шектеулі білім алу , ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушылар қажеттілігін түсінуде құзыретті педагогикалық және әкімшілік кадрлермен, сонымен қатар психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандарымен (психологпен, логопедпен, арнайы педагогпен, әлеуметтік педагогпен, ЛФК бойынша инструктормен) қамтылуы ;

– мүмкіндіктері шектеулі оқушыларға білім алу саласында жалпы білім беру мектептерінің мамандары мен педагогтердің біліктілік деңгейлері;

– арнайы педагогика саласындағы мектеп мамандары мен педагогикалық кадрлардың кәсіби дамуының үздіксіздігі (біліктілікті арттыру курстарының, семинар, дөңгелек үстел, конференция жұмыстарына қатысу арқылы);

– жалпы білім беру мектептердің арнайы білім беру ұйымдармен қарым-қатынас жасауы (арнайы мектептер, психологиялық-педагогикалық түзету кабинетер, психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестер, қалпына келтіру орталықтары).

Білім алуда ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушылардың(белгілі бір санаттағы: есту, көру бұзушылықтары бар) жалпы білім беру мектептеріне қабылдануда басқарушы тұлғалар мен бастауыш және негізі мектеп педагогтерінің арнайы педагогика саласындағы 72 сағат көлемінен кем емес қосымша кәсіби білім беру бағдарламаларын меңгеру міндетті болып таңылады.

Арнайы сыныптарда білім беру процесін ұйымдастыруы мен мазмұнында жалпы білім беру педагогтерінің жеткіліксіз кәсіби құзыреттіліктерін толықтыруды қамтитын білім беру жүйесінде білім беру басқармасының күшімен жалпы білім беретін, арнайы және ғылыми мекемелердің кешенді қарым-қатынас жаусауларына жағдай жасалу қажет.

Арнайы сынып мұғалімдеріне тұрақты әдістемелік қолдау көрсетуді ұйымдастыру, олардың арнайы сыныптарда білім беру бағдарламаларын іске асырудағы сұрақтар бойынша жылдам кеңес алулары, Арнайы педагогика саласында ғылыми негізделген және шынайы инновациялық әзірлемелерді қолданулары қажет.

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдауды іске асырудағы командалық тәсіл

Арнайы сыныптардың жағдайында білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың оқытуын ұйымдастыру білім беру процесінің барлық қатысушыларына психологиялық-педагогикалық қолдауды іске асыруды қарастырады. Білім беру ұйым басшысының бұйрығымен дамуында мүмкіндіктері шектеулі оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі құрылады,оның құрамына:

білім беру ұйым әкімшілігінің өкілі;

дефектолог-мұғалім;
педагог-психолог;
логопед;
элеуметтік педагог;

түрлі ауытқулары бар оқушылармен жұмыс істейтін мұғалімдер және басқа да білім беру қызметкерлері кіреді.

Психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі міндеттері болып:

- мүмкіндіктері шектеулі оқушыларды оқыту және тәрбиелеу процесінде пайда болатын қиындықтарды шеше білу;
- бала дамуының тұлғалық мүмкіншіліктерін көкетестендіру;
- білім беру процесінің қатысушылары арасында жағымды тұлғалааралық қарым-қатынасты қамтамасыз ету;
- түзету оқу-тәрбие процесіне заңды өкілдерді қатыстыру;
- мұғалімдерге кеңес беру.

Аталған міндеттерді шешу үшін пәнаралық тәсілді қолданумен жұмыс істей алатын, түрлі мамандардың ұзақ жұмылдырылған күш-жігерлері қажет. Теккомандалық тәсілпсихологиялық-педагогикалық қолдаудың барлық кезеңдерінің командалық жұмысында қатысушы мамандардың деккөздерін оңтайлы қолдану арқылы мүмкіндіктері шектеулі оқушылардың және олардың отбасыларының мәселелерін тиімді әре кешенді шешуге мүмкіндік береді. Пәнаралық қарыс-қатынас дамуында мүмкіндіктері шектеулі оқушылардың біркелкі даму стратегиясын құрастырып, іске асыруға бағытталған. Қолдау көрсету қызметі мамандарының, педагогтер мен ата-аналардың қарым-қатынас жасау тәсілі болып мектептік консилиум саналады, оның құрамы мен жұмыс тәртібі мектеп директорының бұйрығымен бекітіледі. Командалық жұмысты іске асыру үшін оның барлық қатысушыларының қарым-қатынас ұстанымдарын мойындаулары қажет:

- команда мүшелерінің барлығына сыйластық, өзара түсіністік, өзара көмек беруге дайындық;
- оқу-тәрбие түзету процесінде команданың барлық мүшелерінің теңдәрежелі қатысуы, ортақ жұмыстың нәтижелері үшін жауапкершілігі;
- команда мүшелерінің қызметтерін нақты бөлінуі мен педагогикалық міндеттерді шешу барысында олардың қатысу басымдылығын сақтау;
- байланысты пәндерге әр маманның қызығушылығы, байланысты ғылымдар әдістемелерімен, білімдерін меңгеру.

Командалық жұмыстың бұл ұстанымдарын сақтау арнайы сыныптардың оқушыларымен барлық оқу-тәрбие жұмысының табысты болуынның басты шарты болып табылады.

Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды жалпы білім беруге оқытудың кез келген кезеңінде кіріктіру

Дамумүмкіндіктері шектеулі оқушылардың мектептік оқудың барлық мерзімінде арнайы сынып жағдайында оқуы сөзсіз және міндетті болып

есептелмейді. Егер оқудың кез келген кезеңінде оқушының танымдық даму әрекетіндегі қиындықтар орны толықтырылып немесе арылған болса және ол ҚР ЖМББС сәйкес дәстүрлі сыныпта іске асырылатын қарқында оқу бағдарламасын меңгере алатын болса, онда оқушылар арнайы сыныптан дәстүрлі сыныпқа көшірілуі мүмкін. Оқушының арнайы сыныптан жалпы білім беретін сыныпқа көшірілуі ПМПК тұжырымдамасы бойынша, оқушы мен ата-аналар қалауына сәйкес іске асырылады.

2 Арнайы сыныптардағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері

Арнайы сыныптарда оқу-тәрбие процесі Арнайы педагогикада есту, көру, сөйлеу қабілеті, жүріп-тұру мүшелерінің функциялары бұзылған, психикалық дамуының тежелуі бар оқушылардың оқу әрекетінің дағдылары мен оқу материалын меңгеру мүмкіндіктерін көпжылдық эксперименттік зерттеулер негізінде әзірленген жалпы талаптардың ескерілуімен құрылу керек [2]. Арнайы педагогика балалардың барлығы дамуының бұзылу ауырлығына қарамастан оқи алатына сүйенеді. Оқуға қабілеттілік, оқу процесінің өзі кеңауқымды мағынада түсіндіріледі. Бұл жалпы білім беру пәндері бойынша білімдерді меңгіру ғана емес, балаға қолжетімді, оның қоршаған ортаға бейімделуі мен мейлінше жеке және тәуелсіз өмір сүруін қамтитын, кезкелген әлеуметтік және жеке тұлғалық маңызы бар өмірлік құзыреттіліктер дағдыларын меңгеруге дайын болу тәсілі. Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушылар баяу оқиды, бірақ оқып, жоғары нәтижелерге қол жеткізе алады. Оқушылармен жүргізілетін педагогикалық жұмыс, оқудың дамуда басқарушы рөлін растайтын және әр оқушымен түзете-дамытатын жұмыстың нәтижесі мен мазмұнын болжауға мүмкіндік беретін Л.С.Выготскийдің «жақын аймақта даму» ойына сүйенеді [3].

Түзету жұмыстары психофизикалық даму кемістіктерін жоюға немесе бәсендетуге бағытталған, мысалы, тілдік дамуының, еркін қозғалыс, кеңістік бағдарлау кемістіктерін жоюға. Сақталған басқа қызметтердің есесінен жоғалтылған қызметтің толықтырылуы мүмкіндіктері физиологиядан белгілі. Оқушыларды түзете-толықтыру оқыту бағыты білім беру процесін сақталып қалған қызметтері мен дамуының кемтарлық табиғатының ерекшелігіне сәйкес ағза жүйесін қолдануға сүйене отырып құруды көздейді (яғни, табиғи қонымды). Көздері көрмейтіндер сасақтарының ұшымен оқып, естімейтіндер – оларға айтылған сөзді сөйлеушінің ерні арқылы түсінуді және ым-ишара тілінде теңдәрежеде сөйлесуді үйренеді. Түзете-толықтыру оқыту бағыты оқытуда және түзету жұмысында арнайы заманауи техникалық құралдарымен, АКТ-мен, оқу процесінің ерекше ұйымдастырылумен қамтамасыз етілу керек. Ол білім берудің ұйымдастыру формалары әдістері мен мазмұнында көрініс тапқан. Бұл сыныптың ең аз мөлшерде топтасуы, оқу мерзімдерін ұзарту, педагогикалық қорғау тәртібі, жеке және топтық түзету сабақтарын ұйымдастыруы, арнайы түзету және теңелту жұмыстары үшін арнайы құралдарының, оқытудың арнайы әдістері мен тәсілдерінің бар болуы.

Оқудың әлеуметтік бейімдеу бағыты тұлғаның әлеуметтік икемсезденуінің азайтуын немесе жоюын көздейді. Оқушылардың әлеуметтік өмірге қатысуы үшін қажетті тәртіп нормаларын, қарапайым гигиеналық, коммуникативтік, тұрмыстық дағдыларынан басталып қиын әлеуметтік дағдылармен, көзқарастармен, түсініктерімен аяқталатын өмірлік дағдыларды меңгеру бойынша арнайы жұмыс қарастырылады.

Мұғалімдер мен мамандар оқу-тәрбие процесінде ойлауды, тіл мен коммуникацияны білім алу құралы ретінде дамыту бойынша арнайы жұмыс

жүргізу керек. Дәстүрлі мектептік оқыту баланың мектепке келген кезіндегі меңгерген өмірлік түсініктері мен дамыған ауызекі сөйлеу тіліне негізделеді. Ауызекі сөйлеу тілі негізінде қарым-қатынастың дамуы жалғасады, анағұрлым ауызекі сөйлеу тілі негізінде оқушының тәртібі реттеледі. Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың сөйлеу тілінің, ойлау қабілетінің, қарым-қатынастық даму мәселелері орын алуда, олар табысты білім алу мен әлеуметтену үшін педагогикалық құралдармен шешіліп немесе теңелтілуі керек.

Арнайы сынып оқушыларымен жұмыс жасауда оқытудағы әрекеттік тәсілмаңызды орын алу қажет. Білім алуда ерекше қажеттілігі бар бастауыш оқушыларды оқыту процесінде педагогтің басшылығымен (жұппен, топпен жұмыс) уәждеделген сөйлеу тілдік қарым-қатынастар үшін табиғи жағдай құратын заттық-тәжірибелік әрекет кеңінен пайдаланылады. Заттық-тәжірибелік әрекет жоғары психикалық атқарымдардың (қабылдау, сөйлеу тілі, ойлау және т.б.) сенсомоторлық негізін дамытуға, балалардың жеткіліксіз өмірлік тәжірибесінің орнын толтыруға, әлеуметтік өзара әрекеттену дағдыларын меңгеруге мүмкіндік береді.

Оқушыларға саралай және жекелей тәсілін қолдану – арнайы сыныптарда білім беру процесін ұйымдастыру маңызды ерекшелігі. Ұжымдық оқу процесі жағдайындағы білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыларға қатысты сараланған тәсіл бұзылыстары бір санаттағы оқушылардың вариативтік типологиялық ерекшеліктерінің барлығына шартты болады. Педагог түзете білім беру процесін сыныптағы өзінің сипаты бойынша біртектес топтардың болуына қарай, олардың әрқайсысына арналған жұмыс мазмұнының, қарқынының, көлемінің, күрделілігінің, тәсілдері мен әдістерінің, оқуды бақылау түрлері мен тәсілдерінің әр түрлі болуын есепке ала отырып ұйымдастырады. Оқушыларды топтарға бөлу шартты және қозғалмалы түрде болады. Жекелеген оқыту тәсілі саралай оқытудың нақты көрінісі болады.

Педагог бала дамуының жалпы заңдылығын, сыныптағы әрбір оқушының танымдық мүмкіндігін, арнайы педагогикалық көмек тәсілдерін біле отырып, балалардың оқу-танымдық әрекетін тек ұйымдастырып қана қоймай, бұл процесі бағыттай да алады. Кейбір жағдайда оқушының өзіндік оқу-танымдық әрекеті әлсіз болған немесе мүлдем мүмкін болмаған жағдайда, педагог оқу тапсырмаларын табысты орындалуын қамтамасыз ету үшін оқушының жетілмеген компонентінің атқарымын өзіне алады. Оқушының білім мен біліктілігін қалыптасуын іске асыратын толық дербестігін қамту үшін педагог көмегі біртіндеп азаю керек.

Жоғарыда аталып кеткен оқу-тәрбие процесіне қойылатын талаптарға сәйкес жалпы білім беретін мектептердің жұмысында төрт Арнайы бағыт іске асырулы керек:

- диагностикалық-кеңестік;
- түзете-дамытушы;
- емдік-профилактикалық;
- әлеуметтік-еңбектік [4].

Диагностикалық-кеңестік бағыт психологиялық-педагогикалық диагностика нәтижелеріне сәйкес түзету жұмыстарын құруды қарастыратын анықтау мен түзету бірлігі ұстанымына негізделген. Оны консилиумды мәселені зерделеу және шешу жолдарын іздеудің ұжымдық тәсілі ретінде пайдаланатын психологиялық-командалық қолдау қызметінің мамандары(психолог, логопед, арнайы педагог және т.б) іске асырады. Психологиялық-командалық қолдау қызметінің мамандары білім беру процесінің ұйымдастырушылық- педагогикалық қамтамасыз етілуі (арнайы сыныптың әр оқушысының әлеуметтік даму жағдайын бағалау, оқушының қажеттіліктеріне мейлінше оқу ортасын ыңғайландыру бойынша нұсқаулықтарды әзірлеу;білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды оқытуда жекеленген бағдарламаларды құрастыру; тиімділігін саралау қажет болған жағдайда жекеленген бағдарламаларға уақытылы нақтылықтар мен өзгерістерді енгізу;тәрбие мен оқу процесінің нәтижелі өтуінің мониторингі, оқушының отбасымен қарым-қатынас жасау және басқасы) мен арнайы сыныптағы оқушылармен түзету сабақтарын өткізеді [5].

Психологиялық-командалық қолдау қызметінің мамандары консилиумдарда үнемі білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушылар үшін жекеленген кешенді бағдарламаларды іске асыру нәтижелерін талқылайды, анықталған мәселелерді шешу үшін шешімдер қабылдайды, арнайы сынып жағдайындағы оқу-тәрбие процесін іске асыру бойынша мұғалімдерге нұсқаулықтар беріп, ата-аналарға кеңес береді [6].

Мектептің түзете-дамыту жұмыс бағыты арнайы сыныптарда барлық оқу пәндерін жаппай оқыту процесінде жұмыс істейтін мұғалімдер мен оқу жоспарының түзету цикіліндегі пәндер бойынша арнайы педагогтің (дефектологтің), логопедтің, психологтің жеке және топтық түзету сабақтарымен, және қосымша білім беру жүйесіндегі сабақтарымен реттеледі. Түзете-дамыту жұмыстары арнайы сынып оқушыларының оқыту мен дамуы мәселесінің шешу барысында мұғалімдер мен мамандардың өзара қарым-қатынас жасаулары мен бірыңғай тәсілдер негізінде жекеленген психологиялық-педагогикалық бағдарламаға сәйкес жүргізіледі.

Емделу-профилактикалық жұмыстар:

– оқушылардың психикалық – жүйкелік және физикалық денсаулығын нығайтуға, қажетті жағдайда емдік дене шынықтыру сабақтарын ұйымдастыруға;

– арнайы сыныптарда педагогикалық қорғау тәртібін ұстануға;

– санитарлық-гигиеналық нормаларды, ауа тәртібі мен тиімді тамақтану тәртібін сақтауға;

– қажетті жағдайда гипербелсенді оқушылармен және психикалық тәртіпті танытатын оқушылармен психикалық түзету жұмыстарын ұйымдастыруға бағытталған.

Мектептің әлеуметтік –еңбектік жұмыстарының бағыты:

– арнайы 5-10 сынып оқушыларымен кәсіби бейіндік жұмыстарды ұйымдастыруды;

- қолжетімді мамандықтар саласында оқушылардың бастапқы дағдыларын меңгеру үшін шеберханаларды ұйымдастырып, жабдықтауды;
- қолжетімді және кең таралған мандықтарды табысты игеруге кедергі болатын оқушылардың даму ерекшеліктері анықтау мен түзетуді;
- еңбек ету процесінде оқушылардың ғимаратта бағдарлану, жұмысты жоспарлау, өзін-өзі бақылау және бағалау дағдыларын қалыптастыруды қарастырады.

Кәсіби-еңбектік оқу үшін арнайы сынып оқушыларының 5-ші сыныптан, ал жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыларды 4-ші сыныптан бастап екі топқа бөлінеді. Топтардың бірігуі еңбектің барлық түрлері бойынша оқушылардың мүмкіндіктері мен психологиялық, физикалық қалыптары ескерілген дәрігердің нұсқаулары негізінде іске асырылады.

3 Жалпы білім беретін мектептердегі ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушыларды түзете-дамыта қолдау

Есту, көру, сөйлеу қабілеті, жүріп-тұру мүшелерінің функциялары бұзылған, психикалық дамуының тежелуі, жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыларды арнайы сыныптар жағдайында түзете-дамыту қолдау осы санаттағы оқушылардың нақты ерекшеліктері ескерілген олардың ерекше білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруды кешенді тәсілмен қамтылады. Кешенді тәсілдер компоненттері арасынан:

– оқу процесін мейлінше жекелендіруге және педагогикалық қорғау тәртібін қамтуға мүмкіндік беретін сыныпты ең көп толықтыруды;

– дамуында шектеулі мүмкіндіктері бар оқушылардың қажеттіліктеріне сәйкес эмоционалды, сенсорлы, моторлы және когнитивті дамуын ынталандыруды қамтамасыз ететін пәндік-кеңестік және әлеуметтік ортаны;

– дамуында шектеулі мүмкіндіктері бар оқушылардың қажеттіліктерін ескеретін арнайы дидактикалық материалдарды қолдануымен Арнайы және бейімделген бағдарламалар, оқулықтар бойынша оқытуды;

– бұзылған қызметін жоюға және/немесе теңелтуге бағытталған, әр санаттағы оқушылардың өзіндік түзету бағытындағы Арнайы пәндерді оқу жоспарына енгізуді;

– мамандармен (логопедпен, арнайы педагог-дефектологпен, психологпен, ЕДШ инструкторымен) жеке және топтық түзету сабақтарын;

– арнайы педагогикалық технологияларды, техникалық құралдарды (мысалы, дыбысты күшейтуші аппаратура, оқу машиналары) мен АКТ-ны қолданылатын барлық оқу-тәрбие процесінің түзету бағытын;

– арнайы сыныптарды оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға педагогтердің кәсіби дайындығын;

– балалардың үйлесімді қарым-қатынас жасауға бағытталған мүмкіндіктері шектеулі және дені сау балалардың әлеуметтік өзара әлеуметтік қарым-қатынастарды ұйымдастыру атау керек.

Әр санаттағы оқушыларды оқыту процесінде түзете-дамыта қолдауды қамтамасыз ету үшін кешенді тәсіл ағзаның сақталған және бұзылған қызметінің сабақтасу ерекшеліктерін ескерілуімен іске асырылады.

Арнайы сыныпта білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушылар үшін оқу процесі арнайы мектептер типіне сәйкес ҚР ББҒМ бекіткен оқу бағдарламалары (бағдарламалар мәтіндері ҚР ББҒМ сайтында) мен оқу жоспарлары [7, 8] негізінде іске асырылады.

Даму кемтарлығы бойынша саны көп оқушылар психикалық дамуының тежелуі бар оқушылар санатына жататыны белгілі болып отыр. Еліміздің жалпы білім беретін мектептеріндегі арнайы сынаптардың басым бөлігі осы санаттағы оқушылар үшін жұмыс жасап отыр.

Есту қабілеті бұзылған оқушыларға арналған арнайы сыныптар

Естімейтін, естуі нашар және кейін саңырау болып қалғандарға арналған

арнайы сыныптар оқушының қарым-қатынас жасау құралы ретінде сөйлеу тілі мен есту-көру негізінде ойлау қабілетінің тығыз байланыста қалыптасуда, өзбетінше өмір сүре алу үшін жалпы білім беру, еңбек және әлеуметтік дайын болуына олардың психологиялық, физиологиялық дамуындағы ауытқуларды түзету немесе толықтыруға бағытталған оқу-тәрбие процесін қамтиды.

Естімейтін, естуі нашар және кейін саңырау болып қалған оқушыларды оқыту визуалды негізде оқу материалы мен басқа да ақпаратты жеткізуді қамтамасыз ететін техникалық құралдарды, дыбысты күшеутуші аппаратураны қолданумен іске асырылады.

Сыныптарды толықтыру:

Естімейтіндер үшін – 8 баладан артық емес;

Естуі нашар және кейін саңырау болып қалғандар үшін – 10 баладан артық емес.

Мектептік білім беру құрлымы:

1) бастауыш білім беру деңгейі (0, 1-4 сыныптар);

2) негізгі орта білім беру деңгейі (5-10 сыныптар);

3) орта білім беру деңгейі (1-12 сыныптар).

Естуі нашар және кейін саңырау болып қалған оқушылар орта білім немесе кәсіптік орта білім алу мақсатында кешкі бөлімнің 11 – 12 сыныптарда, жалпы білім беретін мектептердің бейіндік сыныптарында, кәсіби колледждерде оқуларын жалғастыра алады.

Есту қабілеті бұзылған оқушыларды оқыту:

1) естімейтін оқушылардың 0 және 1-7 сыныптарда арнаулы бағдарламалар бойынша, 8-ші сыныптан бастап оқушылардың оқу мүмкіндіктеріне сәйкес бейімделген жалпы білім беретін мектептердің бағдарламасы мен оқулықтарымен;

2) естуі нашар немесе кейін саңырау болып қалған оқушылар 0 және 1-4 сыныптарда арнаулы бағдарламамен, 5-ші сыныптан бастап оқушылардың оқу мүмкіндіктеріне сәйкес бейімделген жалпы білім беретін мектептердің бағдарламасы мен оқулықтарымен іске асырылады.

Естімейтін оқушыларға арналған бастауыш және негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарына түзету курстары енгізілген: заттық-тәжірибиелік оқыту, айналадағы әлеммен танысу, түзету ритмикасы, есту арқылы қабылдауды дамытумен дыбыстауды қалыптастыру, күнделікті-сөйлеу тілі, ым-ишары тілі. Естуі нашар оқушыларға арналған сыныптарда түзету ритмикасы, есту арқылы қабылдауды дамытумен дыбыстауды қалыптастыру бойынша түзету сабақтары қарастырылған.

Бастауыш сыныпта естімейтін (естуі нашар) оқушыларында қоршаған болмысты, олардың адамзат қалыптастырған тіл мәдениетін, вербалды қарым-қатынас жасау тәсілдерін жүйелі саналы түрді түсінуге бағытталған оқу әрекетін негізі қаланады.

Естімейтін (естуі нашар) баланың тұлға ретінде әрі қарай даму жолы, негізгі мектеп көлемінде бекітілген білімді меңгеру, қоғамда қабылданған адамгершілік нормалар мен ережелерді, эстетикалық өлшемшарттарды ұғыну – ойлау қабілетінің сатыланған (түсіну) құрлымының қалыптасу деңгейіне байланысты, оны ақпаратты ауызша түрінде қабылдау және оны дұрыс пайдалана алу мүмкіндігі ретінде тілдік құзыреттілік анықтайды.

Естімейтін (естуі нашар) баланы мазмұнды тіл әлеміне кіріктіру тек қана жалпы қабылданған әдістемеге арнаулы тәсілдерді қолдануды талап етеді. Сақталған және дамымаған психикалық қызметке жан-жақты әсер етуді біріктіретін тұтас сродпедагогикалық жүйе қажет. Жалпы білім беру және түзету курстары оқушыларға кешенді психологиялық-педагогикалық әсер етуді қамтамасыз етеді:

1) сенсорлы-перцептивті әрекетті ынталандыру (есту-көру және естуді қоса қабылдаудың барлық түрлерін дамыту);

2) қоршаған заттардан түрлі сезімдерді, соның ішінде сан алуан дыбыстық сезімді түсінуді дамыту;

3) моториканы, нақты нысананы зерттеу тәсілдерін дамыту және олардың бейнесі мен моделін әзірлеу;

4) дыбысты күшейтетін аппаратураны тұрақты қолдануда кең ауқымды коммуникативтік тәжірибиеге жағдай туғызу;

5) әлеуметтік қажеттіліктерді белсендету және жеке, әрі түрлі бірлестікте жұмыс істей алу біліктерін дамыту;

6) уәжді және түрлі тілдік әрекетті пайдалану тәсілдерін дамыту;

7) әрекетін жоспарлау және болжау дағдыларын дамыту (практикалық және тілдік);

8) білімдерін безендіру мен қарым-қатынас жасауға қажетті, соның ішінде терминологиялық сөздік пен базалық лексикалық-грамматикалық құрлымдарды, жалпы қабылданған тілдік құралдарды пайдалану;

9) танымдық процестерді дамыту және эмоционалды күш-жігерлік саланы байыту.

Көру қабілеті бұзылған оқушыларға арналған арнайы сыныптар

Көрмейтін, көруі нашар, кейіннен көрмей қалған үшін арнайы сыныптарда оқу процесінің өзіндік міндеті болып алғашқы ауытқуларда, тірек саласындағы, кеңістік бағдарлаудағы бұзылуларды толықтыру, елестету және түсінік жүйесін қалыптастыру, заттық-тәжірибиелік әрекеттің, әлеуметтік коммуникация дағдыларын дамыту болып табылады.

Сыныптарды толықтыру:

Көрмейтіндер үшін – 8 баладан аспайды;

Көруі нашар, кейіннен көрмей қалған үшін – 12 баладан аспайды.

Көру қабілеті бұзылған оқушыларды оқыту жалпы орта білім беру көлемінде іске асырылады. Көруі нашар және көрмейтін оқушылардың мектептік білім беру құрлымы:

1) бастауыш білім беру деңгейі - 0, 1-4 сыныптар;

2) негізгі орта білім беру деңгейі – 5-10 сыныптар;

3) орта білім беру деңгейі – 11-12 сыныптар.

Көру нашар оқушылардың дәстүрлі сыныптарға көшуі оқудың кез-келген кезеңінде мүмкін.

Көрмейтін және көруі нашар оқушыларды оқыту арнаулы бағдарламалар мен оқудың 1 жылға созылуына байланысты оқу материалының қайта бөлінген және өзгертілген жалпы білім беретін мектеп бағдарламаларымен оқытылады.

Көрмейтін оқушылардың оқу процесінде оқытуда Брайльдің тегістік-нүктелі шрифтпен басылған жаппай жалпы білім беретін мектептің оқулықтары, оқу құралдары мен әдебиеттері қолданылады.

Көруі нашар оқушыларды оқыту көріп қабылдауға қолжетімді үлкен шрифтпен басылған және арнайы суреттері үлкейтілген жалпы білім беру мектептердің оқулықтарымен жүргізіледі.

Көрмейтін, көруі нашар, кейіннен көрмей қалған балаларды оқыту үшін жұмыстың арнаулы әдістері мен формалары, көрнекіліктер, тифлотехника және т.б. қолданылады.

Көрмейтін, нашар көретін оқушыларға арналған орта білім берудің үлгілік оқу жоспарына түзету курстары енгізілген: емдік дене шынықтыру тәрбиесі (ЕДШ), түзету ритмикасы, мимика мен пантомиканы дамыту, әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау (ӘТБ), кеңістік бағдарлау, қалған көре алу және көру арқылы қабылдай алу қабілеттерін сақтау, тіл дамуының кемістіктерін түзету. Түзету курстарының мақсаты көру-бейне арқылы ойлау қабілетін, сонымен бірге кеңістік бағдарлауды, мимика мен пантомиканы дамыту, қозғалысты реттеуді және өзін-өзі ұстауды қалыптастыру.

Үлгілік оқу жоспарына жалпы білім беру курстарымен факультативті сабақтармен бірге түзету курстарын енгізу көру мүмкіндіктерінің қалпын, танымдық белсенділігін, қызығушылықтарын, жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып оқушыларды оқытуда жеке тәсілді қамтамасыз етеді.

Тірек және қозғалыс аппараты бұзылған оқушыларға арналған арнайы сыныптар

Тірек және жүріп-тұру аппараты бұзылған оқушыларға арналған арнайы сыныптарда оқу-тәрбие процесі өзіндік мәселелерді шешуге бағытталған: жүріп-тұру қызметін қалпына келтіру, қалыптастыру және дамыту, оқушылардың психикалық және тілдік кемістіктерін түзету, арнайы ұйымдастырылған жүріп-тұру тәртібі мен заттық-тәжірибиелік әрекеттің негізінде олардың әлеуметтік-еңбектік беймделуі мен қоғамға бірігуі.

Сыныпты толықтыру 12 баладан аспайды.

Тірек және жүріп-тұру аппараты бұзылған оқушылар үшін білім беру жалпы орта білім беру көлемінде іске асырылады.

Мектептік білім беру құрлымы:

1) бастауыш білім беру деңгейі - 0, 1-4 сыныптар;

2) негізгі орта білім беру деңгейі – 5-10 сыныптар;

3) орта білім беру деңгейі – 11-12 сыныптар.

Оқыту жалпы білім беру негізгі орта білім беру сатысында оқу мерзімін 1 жылға созуымен, мектептің бағдарламаларымен, оқулықтарымен іске асырылады.

Нөлдік сынып профпедетивті-диагностикалық ретінде қызмет етеді. Оны баланың мүмкіндіктерін зерделеу, психикалық даму деңгейін нақтылау, бастауыш сыныпта әрі қарай оқуға дайындау негізгі міндеті болып табылатын икемді құрылым ретінде қарастыру керек. Нөлдік сынып арнаулы мектепалды дайындықтан өтпеген және функционалды мектеп кемелдігіне жетпеген, сонымен қатар диагнозды нақтылауды қажет ететін оқушыларға қажет. арнаулы мектепалды дайындықтан өткен және жүріп-тұру, тілдік әрекеттері қажетті деңгейде қалыптасқан балалар 1-ші сыныпқа қабылдануға болады.

Балалардың түрлі церебральді паралич түрінде қолыдың басын қозғалту қызметінің бұзылуы жазу техникасын меңгеруді қиындатады, сондықтан дайындық және бірінші сыныптарда жазудың қозғалмалы дағдысын қалыптастыруға арнаулы уақыт бөлінеді.

Жалпы білім беру және түзету міндеттері қарастырылатын дене шынықтыру тәрбиесі оқу пәндерінің негізгі, барлық оқушыларға міндетті пән болып табылады. Дене шынықтыру сабақтарында оқушыларға жеке оқыту тәсілдер қолдануға ерекше назар ударылады. Дене шынықтыру тәрбиесі сабақтарында баға нормативтері шығарылмайды. Баға оқушының жүрі-тұру мүмкіндіктерін ескеріп қойылады.

Жалпы білім беру цикліндегі пәндермен қатар Үлгілік оқу жоспары оқушылардың жүріп-тұру және психикалық қызметтер кемістіктерін түзету сабақтарын: ЕДШ, тіл дамуының кемістіктерін түзету (логопедиялық) сабақтарды, танымдық әрекетті түзету және дамыту сабақтарын қарастырады.

Емдік дене шынықтыру тәрбиесі (ЕДШ) оқушылардың дене тәрбиесі жүйесіндегі маңызды бөлігі болып табылады. Әр оқушыға түзету жұмысын жоспары ЕДШ инструкторымен бірге құрастырылады. Сабақтар 2-4 адамдық топпен немесе жеке жүргізіледі. Сабақтың ұзақтығы – 45 минут. Логопед сабақтары сөйлеу қабілетінің бұзылуы бар оқушылармен өткізіледі. Әр оқушымен сабақ аптасына 3 реттен кем емес жүргізіледі. Сабақтардың ұзақтығы – 25 минут. Танымдық әрекетті қалыптастыру және дамыту сабақтары қоршаған орта туралы білімдерді кеңейтуге, кеңестік және уақыттық түсініктерді қалыптастыруға, таңбалық дағдыларды дамытуға, осыдан ілгері дамуындағы олқылықтарды толықтыруға, психикалық қызметтің бұзылуын түзетуге, күрделі оқу материалын меңгеру дайындығына бағытталған. Сабақтың ұзақтығы 20-25 минут.

Танымдық әрекетті қалыптастыру және дамыту сабағына сынып 2 топқа бөлінеді. Олар оқушылардың танымдық және жүріп-тұру мүмкіндіктерін, сонымен бірге жасөспірімдердің қызығушылықтары ескеріле, дәрігерлердің (ортопедтің, психоневрологтің және ЕДШ дәрігерінің) қатысуымен топтасады. Сыныптар түрлі жүріп-тұру бұзылулары бар оқушылармен танымдық әрекетті қалыптастыру және дамыту сабағын өткізу мүмкіндігі

ескеріліп жабдықталады. Сыныптарда жарақат алудың алдын алатын арнаулы жабдықталған құрал-саймандар қолданылады.

Арнаулы ортаны бейімдеу және түзету жұмыстарын өткізу қажеттілігі пандустардың, есіктің ойығын кең, мүгедектер орындығына гидравликалық көтергіштің, баспалдақ бойында гидравликалық көтергіштің, есіктердің автоматталған ашқыштардың, сонымен бірге түзету сабақтарына арнайы жабдықталған кабинеттердің болуын қарастырады.

Жұмылғыштығы шектеулі оқушылар үшін арнайы сыныптар ашылған жалпы білім беру мектептің үй-жайлары және ғимаратының тиісті аумағымен қолжетімділігі сәулет, қалақұрлысы мен мен құрлыс саласында қолданыстағы мемлекеттік нормативтермен сәйкес қамтамасыз етіледі.

Сөйлеуі күрделі бұзылған оқушыларға арналған арнайы сыныптар

Сөйлеуі күрделі бұзылған оқушылар үшін оқу-тәрбие процесінің арнаулы міндеті тілдік кемістіктерді және соған байланысты психикалық дамудың ерекшеліктерін жою болып табылады. Сөйлеуі күрделі бұзылған оқушылар үшін сыныптардың топтасуы 12 баладан аспайды.

Сөйлеуі күрделі бұзылған оқушылар үшін мектептік білім беру құрлымы:

- бірінші саты – 0, 1 - 4 сыныптар;

- екінші саты – 5 - 10 сыныптар.

Бастауыш білім беру деңгейінде арнаулы бағдарламалар мен арнаулы әдістемелік және дидактикалық материалды қолдану қарастырылады. Негізгі орта білім беру деңгейінде оқушылар оқудың 1 жылға созылуына байланысты мазмұны қайта бөлінген жалпы білім беру мектептерінің бейімделген бағдарламасы бойынша оқытылады.

Оқушылардың тілдік даму деңгейі ескеріле отырып, қазақ, орыс және шет тілін оқуға сағаттарды бөлуде вариативтілік рұқсат етіледі.

Логопедтік түзету жұмысы, оқушылардың тұлғалық және зияткерлік мүмкіндіктерінің дамуын қамтамасыз ететін, сөйлеуі күрделі бұзылған оқушылардың білім беру жүйесінің қажетті компоненті болып табылады. Арнаулы логопедтік және түзету-педагогикалық қолдау арнаулы тілдік тәртәпті сақтауымен барлық сабақтарда және сабақтан тыс уақытта іске асырылады.

*Психикалық дамуының тежелуі бар оқушылары үшін
арнайы сыныптарды ұйымдастыру*

Психикалық дамуының тежелуі бар оқушылар, жеткіліксіз танымдық қабілеттерімен немесе психикалық дамуының бұзылу ерекшелігімен белгіленген оқу бағдарламаларын меңгеруде қиындықтар кешеді. Оқушылар үшін мектептік нормаларды меңгеру қиындықтарында, айналадағы балалармен, ересектермен қарым-қатынас жасауда, тәртіптің бұзылуында танылатын элеуметтік қабілеттердің дефициті типті.

Психикалық дамуының тежелуі бар оқушылары үшін арнайы сыныптарындағы оқу процесі тән мәселерді шешуге бағытталған: оқушылардың психикалық дамуы мен эмоционалды ерік-жігерілілік саласын

дамытуға, олардың танымдық әрекеттерін белсендеттіруге, оқу әрекетін қалыптастыруға.

Психикалық дамуының тежелуі бар оқушылары үшін арнайы сыныптарды топтастыру 12 балалардан аспайды.

Мектептік білім беру құрлымы:

1) бастауыш білім беру деңгейі – 0, 1-4 сыныптар;

2) негізгі орта білім беру деңгейі – 5-10 сыныптар.

Бастауыш сынып оқыту сатысында арнайы сыныптарды ашу – 0,1 сыныптарда және, бірыңғай жағдайда, 2 сыныпта мәнді. Оқушыларды оқытуда пайда болған қиындықтардың себептерін уақытылы жіктеу және олардың оқуы мен тәрбиеленуіне дұрыс жағдай жасау маңызды. Мектепте оқудағы жағымсыз тәжірибе, психикалық дамуының тежелуі бар оқушылардың мектеп жағдайындағы ұзақ уақытта сәтсіздікке ұшырауы оның мектептік икемсіздігіне әкеліп, эмоционалдық саланың қалыптасуына кері әсер етіп, тұрақты үлгірмеушілікті және тәртібінің бұзылуын қоздырады. Оқудағы кез келген кезінде жалпы білім беру сыныптарына оқушылардың бірігуі, сонымен бірге оқушылардың психикалық даму тежелуінің айқын формаларында арнайы сынып беру жағдайында білім алуын жалғастыруы қарастырылады.

Психикалық дамуының тежелуі бар оқушылары үшін арнайы сыныптардың күнтізбесі балалардың тез шаршап қалуы ескере орнатылады: ұзартылған күнтізбесіндегі бірінші аусымда оқу.

Бастауыш білім беру деңгейінде арнаулы бағдарламалар мен арнаулы әдістемелік және дидактикалық материалды қолдану қарастырылады. Негізгі орта білім беру деңгейінде оқушылар оқудың 1 жылға созылуына байланысты мазмұны қайта бөлінген жалпы білім беру мектептерінің бейімделген бағдарламасы бойынша оқытылады.

Түзете-дамыта оқыту бағдары жалпы білім беретін циклігіндегі пәндер аясында, сонымен бірге қосымша білім беру жүйесіндегі түзету пәндерімен іске асырылады. Эмоционалды жеке тұлғалық түзетуді іске асыруға және оқушылардың танымдық әрекетін іске асыруға мүмкіндік беретін басқа пәндерге теңдәрежелі деп эстетикалық бағытындағы пәндерді (музыканы, бейнелеу өнерін, дене тәрбиесін) есептеуге болады.

Психикалық дамуының тежелуі бар бастауыш оқушылары үшін жалпы арнайы сыныптарда оқу-тәрбие процесінің түзете-дамыту бағыты келесі мәселелерді шешуді қарастырады:

- оқуға дайындықты қамтамас ететін психологиялық физиологиялық қажетті деңгейінің дамытуды: артикуляциялық аппаратың, фонемантикалық естудің, қолдың ұсақ бұлшықеттерінің, көру-кеңестік бағдарланудың, көру-мотрикалық бағдарлаудың;

- оқушылардың дүниетанымын байытуды, оқушыларға оқу материалын саналы түрде қабылдауға мүмкіндік беретін заттар мен қоршаған болмыс ортаның құбылыстары туралы анық түсініктерді қалыптастыруды;

- мектептік жағдайларға табысты бейімделуді қамтамасыз ететін әлеуметтік-адамгершілік тәртіпті қалыптастыруды;

- оқу уәжін қалыптастыруды;
- жеке тұлғалық компоненттердің дамуын: танымдық белсенділік, өзімшілдік, еркіндік;
- кез-келген әрекетке қажетті білік пен дағдыларды қалыптастыру: оқушылардың ғимаратта бағдарлану жұмысты жоспарлау, оны ауызшанемесе /және көрсетілген үлгіге сәйкес орындау, өзін-өзі бақылау және бағалау дағдыларын қалыптастыруды;
- жастарына сәйкес жалпы зияткерлік біліктерді қалыптастыруды (саралау, салыстыру, жалпылау, топтау);
- сомантикалық және психологиялық жүйкелік денсаулықты нығайту мен сақтау: психологиялық физиологиялық зорығуды, эмоционалдық бұзылысты, болдырмау, психологиялық жайлы хал-ахуалды жасау, жалпы нығайтатын және алдын алу емдік дәрілік терапия;
- жасөспірімдердің жастарына сәйкес дамуды қамтамасыз ететін, оның танымдық әрекетін, тілінің коммуникативті қызметін ынталандыратын қолайлы әлеуметтік ортаны құру;
- жасөспірімнің дамуын жан-жақты жүйелі бақылау, ата-аналармен тұрақты қарым-қатынас жасау;
- оқушылардың әлеуметтік-еңбектік бейімделуі.

Оқу жоспарының түзету компоненті келесі түзету курстарын кіріктіреді: «Айналадағы әлеммен танысу және тіл дамыту» - 0, 1 сыныптар, «Түзету ритмикасы» - 0 - сыныптар, «Әлеуметтік – тұрмыстық бағдарлау» (ӘТБ) – 5-10 сыныптар және жекеленген-топтық түзету сабақтары: «Тіл дамыту кемістіктерін түзету» (логопедиялық сабақтар), «Білімдегі олқылықтарды толықтыру бойынша міндетті жеке және топтық түзету сабақтары». Оқу жоспарының түзету компонентіндегі пәндерді инвариативті (өзгермейтін, тұрақты) компонентпен ауыстыруға, және де бұл сағаттар санын қысқартуға болмайды.

«Айналадағы әлем және тіл дамыту» түзету курсы:

- қоршаған болмыс туралы түсініктері мен білімдерін байытуға;
- оқушылардың сөздік қорын кеңейтуге;
- байланыстыра сөйлеуді дамытуға;
- қабылдауды, зейінді (барлық түрлерін) дамытуға;
- жалпы зияткерлік біліктерді қалыптастыруға (саралау, салыстыру, жалпылау, топтау) бағытталған.

«Түзету ритмикасы» курсы психикалық дамуының тежелуі бар оқушылардың сөйлеу моторикалық әрекетінде және моторикалық сласындағы даму ауытқуларын жеңуге бағытталған. Сабақта еркін түсінуді, өзін-өзі реттеуді дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасалады. «Әлеуметтік – тұрмыстық бағдарлау» курсы оқушылардың өмірлік құзыреттілік дағдыларын, қоғам мен тұрмыста өзбетімен өмір сүруге тәжірибелік дайындығын қалыптастыруға бағытталған.

Әлеуметтік – тұрмыстық бағдарлау сабақтары үшін оқушылар 2 топқа бөлінеді. Түзету цикіліндегі пәндер бойынша бағалар қойылмайды. Баға жетістіктерді сипаттау тұрғысында болады.

«Білімдегі олқылықтарды толықтыру бойынша міндетті жеке және топтық түзету сабақтары» сабақта оқу бағдарламасын меңгеруде қиындық кешетін оқушылар үшін ұйымдастырылады. Сабақтар оқу қиындықтары ұқсатығы негізінде топтастырылған жеке немесе топтарда (2-4 оқушы) өткізіледі. Бастауыш сыныптарда түзету жұмыстарына аптасына 4 сағат беріледі. Сабақтарды сыныптың негізгі мұғалімі жүргізеді. Әр сабақтың ұзақтығы 20-25 минут. Педагог аптасына 8 түзету сабақтарын өткізуі тиіс, олар сыныптың сабақ кестесіне енгізілуі тиіс.

Педагогикалық диагностика негізінде педагог қандай оқушылар жеке сабақтарды қажет ететінің, оқушылар білімдеріндегі олқылықтарды толықтыру үшін қанша топты құрастыруды және олармен түзету жұмысын жүргізуді өз бетінше анықтайды. Оқушыларды топтастыру және олармен келешекке арналған жұмыс жоспарын анықтау 1 тоқсан мерзімінде іске асырылады. Тоқсан аяқталысымен педагог түзету жұмыстарының тиімділігін талдайды және оқушыларды топтастырып олармен келесі тоқсанға келешекке арналған жұмыс жоспарын жасайды. Педагог қажетті құжаттарды құрастырып жүргізеді: топтың тізімі бар түзету сабақтарына қатысуын тіркейтін журналды, топ пен жеке сабақтардың келешекке арналған жұмыс жоспарын, топ пен жеке сабақтардың жоспарларын. Түзету сабақтары жұмыстардың түрлі түрі мен формаларын, заттық-тәжірибиелік және ойын әрекетінің қолдануымен өткізіледі. Әр сабақ міндеттері, түзету нысанының – баланың біліктілігін қалыптастыруын көрсетуімен баланың айқындалған сыртқы әрекеті арқылы тұжырымдалады. Бір сабаққа 2-3 міндеттер беріледі. Оқушының қандайда бір топта болу ұзақтығы өзіндік қиындық пен сыныппен бірге тапсырмаларды орындай алу дайындығының түзету дәрежесімен

5-10 сыныптарда оқушылар білімдеріндегі олқылықтарды толықтыру бойынша жеке-топтық сабақтарға берілген сағаттар пән мұғалімдер арасында бөлінеді.

Тілдік кемістіктері бар оқушылары үшін логопедпен жеке және топтық сабақтар жүргізіледі. Топта оқушылармен психологиялық түзету жұмыстарын психолог өткізеді. Ол психикалық дамуының тежелуі бар оқушыларда коммуникативті біліктерін, эмоционалды қалпын реттеу дағдыларын қалыптастыруға, жалпы белсенділікті арттыру бағытталған.

Факультатив сағаттарын балалардың әлеуеттенуіне мүмкіндік беретін («Тіл және қарым-қатынас мәдениеті», «Өмір сүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету», «Экономикаға кіріспе»), даму кемістіктерін жоюға бағытталған («Бейнелеу өнері», «Қолданбалы өнер», жүзу, ЛФК) курстарына немесе еңбекке баулу бойынша қосымша сабақтарына берілгені дұрыс.

Психикалық дамуының тежелуі бар оқушыларды оқыту, оқытудың бастапқы кезеңінде оқу міндеттерін жалпылама тәсілдемемен шешуді, меңгерген білімдерін, біліктері мен дағдыларын тұрақты байқауды

қарастырмайтын, қолжетімді білім беру бағдарламасы (ондай болып танылатын осы санаттағы оқушылар үшін арнаулы және бейімделген бағдарламалар) бойынша жүргізілу керек. танымдық әрекетінің жоғары даму деңгейі бар оқушыларға есептелген білім беру бағдарламалары психикалық дамуының тежелуі бар оқушыларға жарамсыз, өйткені жақын аймақта даму шегінен тыс оқыту күрделірек танымдық әрекеттердің қалыптасу негізіне қолдана алуға болмайтын, үздік-үздік, байланыссыз білімдердің жинақталуына әкеледі. Оқуға және жалпы мектептік жағдайға жағымсыз көзқарас қалыптасуының алдын алу мақсатында, өзіне қолжетімді әрекеттердің түрлерінде оқушының табыстылығын қамтамасыз ету маңызды. Психикалық дамуының тежелуі бар оқушылардың ерекшелігі туралы барлық педагогикалық ұжымды хабардар ету міндетті болып табылады, өйткені білімдердің бұл түрлері жаппай мектеп педагогтерінде қарапайым сипатта болады: мұғалімдер тәртіптің бұзылуын тәрбиеінің кемшілігі, ал білімдеріндегі олқылықтар мен мектептік қиындықтарды педагогикалық салақтық деп біледі.

Оқушылардың әлеуметтену мәнінде түзете – дамыту жұмысы психикалық дамуының тежелуі бар оқушыларды оқыту процесінен толық өтуі керек. Бұл санаттағы оқушылардың әлеуметтік бейімделеу мәселелері оқушылардың деке қызығушылықтары мен мүмкіндіктерін ескере отырып, әлеуметтік рөлдер мен мәдени нормалардың меңгеру мақсатында олардың қолжетімді тұрмыстық, жеке және қоғамдық маңызды әрекеттері арқылы шешіледі. Қарым-қатынас тәжірибиесінде оқушылар нақты мысалдарда қоғамның мәдени және әлеуметтік тәжірибесін меңгеру керек. Психикалық дамуының тежелуі бар оқушылардың қалыпты дамып келе жатқан құрдастарымен және білім алуда ерекше қажеттіліктері бар басқа санаттағы балалармен бірге ортақ әрекетті ұйымдыстыруға маңызды мән беріледі.

Бақылау – диагностикалық шараларды әзірлеп, ұйымдастыруда келесі талаптар сақталу керек: жүйелілік, дұрыс қабылдау, объективтілік, жеке тәсіл, вариативтілік, жан-жақтылық, психикалық дамуының тежелуі бар (ПДТ) оқушыларды оқыту ерекшелігін ескеру.

Білім беру және түзету жұмыстараның нәтижелерін сипаттауда білім берудің екі компонентінің өзара қарым-қатынасының көрсететін тұтастық мінездеме ұстанымы қолданылуы керек. Оқушының білімдері осы білім беру кезеңінде күтілетін біліктеріне сәйкес, жетістіктері олардың іс жүзіндегі әрекеттерде өзін-өзі көрсете алу деңгейі мен мүмкіндіктері тұрғысынан бағалануы керек, белсенділік дәрежесі, оларды қолдану қызығушылығы, қайсібір әрекеттердің дербестігі ескерілуі керек.

Меңгерілуі бастауыш мектеп курсының оқу нәтижесінің талабына жататын білімдер, біліктер мен дағдыларын қорытынды тексеру процесінде оқушылар жалпы білім беретін оқушылар үшін әзірленген тапсырмалады орындайды. Бұл жерде түзету жұмысының нәтижелігін, сонымен қатар тек оқу жетістіктерінде ғана емес, мектеп нормаларын меңгеруде, ересектермен құрдастарымен табысты қарым-қатынастарда байқалатын мектептік бейімделу сапасын бағалауға мүмкіндік беретін арнайы әзірленген тапсырмаларды

қолданған дұрыс. Негізгі мектепті бітірісімен арнайы сынып оқушылары алған білім деңгейі туралы мемлекеттік үлгідегі құжат алады.

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналаған арнайы сыныптар

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушылар орталық жүйке жүйесінің органикалық бұзушылығымен белгіленген танымдық әрекеті мен эмоциялады күш-жігерлік саласының тұрақты бұзылуына байланысты мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартымен белгіленген оқу материалын меңгере алмайды. Осыған орай, қарастырып отырған оқушылар санатына ЖМББС талаптары қойылмайды. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушылар мектепте барлық оқу жыл бойына арнайы бағдарламалар бойынша оқытылады. Қарастырылып отырған оқушылар санаты үшін арнайы сыныптарда оқу-тәрбие процесі қолжетімді білім мен дағдыларды, әлеуметтік бейімделуге, оқушылардың қоғамда өзбетінше өмір сүруіне және еңбек әрекетіне дайындалуға бағытталған. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушылар үшін арнайы сыныптар осы санаттағы оқушылардың бар болу жағдайында білім берудің кез-келген сатысында ашылуы мүмкін.

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушылар үшін сыныптардың топтасуы 12 баладан аспайды.

Мектептік білім беру құрлымы:

- бірінші саты – 0, 1 - 4 сыныптар;
- екінші саты – 5 - 9 сыныптар.

Арнаулы материалды-техникалық бар жағдайында кәсіби-еңбектік дайындығымен 10-шы сыныпта ашылуы мүмкін. Нөлдік сыныпқа оқуға дайындық деңгейі жеткіліксіз балалар қабылданады. Бірінші сыныпқа 7-9 жасар балалар қабылданады.

Оқыту процесінде жеңіл-ақыл ой кемістігі бар оқушылардың тұлғасын жан-жақты психологиялық-медициналық-педагогикалық зерттеу, білім беру процесін ұйымдастырудың әдістері мен формаларын анықтау мақсатында, олардың мүмкіндіктері мен жеке ерекшеліктері айқындау іске асырылады.

Жеңіл ақыл-ой кемістіктері бар оқушыларды оқыту арнаулы әдістермен, оқу тәсілдерімен және білім алу әрекетімен қамтамасыз етіледі. Осы тұрғыда ойлау процесінің енжарлығы, танымдық белсенділігінің төмендігі, ойлаудың жалпылау және абстрактілеу қызметінің әлсіздігі, тілдік дамуында тежелуі ескеріледі. Оқушылармен жұмыс істеуде олардың еліктеу, сақталған көру-әрекеттік ойлау қабілеттеріне сүйенеді. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушылар үшін арнайы сыныптарда оқыту 4 типологиялық топты кіріктірген (В.В.Воронкова бойынша) [9], оқушылардың педагогикалық саралау негізінде іске асырылады. Педагог әр типологиялық топтағы оқушыға тиісті әр көлемде және әр күрделілікте оқу материал мазмұнын қарастырады. Оқушылар тәжірибиелік бағыты бар және психологиялық, физиологиялық мүмкіндіктеріне сәйкес жалпы білім беру пәндер бойынша білімді, сонымен қатар бастапқы кәсіби дағдыларды алады. Оқушылардың әлеуметтік бейімделуіне ерекше назар аударалады.

0 және 1 сыныптарда балдық бағалар қойылмайды. Оқуда оқушылардың жетістіктерін қозғалуы олардың өнімді әрекетін, тілінің даму деңгейін, жазба жұмыстарын, суреттерін, қолдан жасаған бұйымдарын талдау негізінде анықталады.

Оқу жоспарының түзету компоненті келесі түзету курстарын кіріктіреді: «Түзету ритмикасы», «Тіл дамыту кемістіктерін түзету» (логопедиялық сабақтар), «Танымдық әрекеттерді түзету», «Емдік дене шынықтыру тәрбиесі».

Әр сабақтың ұзақтығы 20-25 минут. Топтар тілдік және психологиялық, физиологиялық бұзушылықтардың бірыңғайлы ескеріле құрастырылады. Емдік дене шынықтыру тәрбиесі сабақтары үшін топтар дәрігердің нұсқаулықтары ескеріле отырып жасалады.

4-ші сыныптан бастап 6-шы сынып аралығында болашақ кәсіби-еңбектік оқу, сонымен қатар, оқушылардың табысты әлеуметтік бейімделуі үшін пропедевтік, кәсіби диагностикалық және кәсіби бейінді болып табылаты «Жалпы еңбекке дайындық» оқу пәні енгізіледі. Оқушылар жалпы еңбекке дайындық процесінде әр адамға тұрмыста қажетті түрлі еңбек әрекеттерін меңгереді.

7-ші сыныптан бастап 9-шы сынып аралығында кәсіби бағыты бар еңбекке оқыту іске асырылады. Еңбекке оқыту бейіні аймақтың және түлектердің жұмысқа тұру мүмкіндіктері ескеріле отырып, мектеп әкімшілігімен анықталады. Еңбекке оқыту және әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлану сабақтары үшін сынып оқушылар 2 топқа бөлінеді.

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушылар екінші жылға қалдырылмайды. Білім алуды аяқтау кезінде оқушылар еңбекке оқыту бойынша емтихан тапсырады және жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушылар үшін білім беру ұйымдарына арналған мемлекеттік үлгідегі куәлік алады.

Орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арнаған арнайы сыныптар

Орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушылар үшін арнайы сыныптар осы санаттағы оқушылардың бар болу жағдайында білім берудің кез-келген сатысында ашылуы мүмкін.

Орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушылар үшін сыныптардың топтасуы 6 баладан аспайды.

Специальные классы для обучающихся с умеренной умственной отсталостью

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушылар үшін сыныптардың топтасуы 12 баладан аспайды.

Мектептік білім беру құрлымы:

- бірінші саты – 0, 1 - 4 сыныптар;

- екінші саты – 5 - 9 сыныптар.

Орташа ақыл-ой кемістігі бар балаларды оқыту осы санаттағы Үлгілік оқу жоспар мен оқу бағдарламаларға сәйкес іске асырылады. Оқу бағдарламалары нұсқаулық сипатта болады. Оқушыларды оқыту баланы мектеп консилиумы

мамандарының кешенді психологиялық-педагогикалық зерделеу негізінде, жартыжылдықтан аспайтын мерзімге құрастырылған жеке бағдарламаға сәйкес жүргізіледі. Жеке оқу бағдарламасын іске асыру уақытынан кейін әр оқушының жетістіктерін талдауы жүргізіледі және келесі жартыжылдыққа жоспарлану жасалады.

Педагогтар мен мектептің басқа да мамандары оқу процесінің мазмұны мен кезеңдерін, орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушылардың психикалық, физиологиялық даму жолын, тәжірибелік дағдылар мен әлеуметтік құзыреттіліктерді меңгеруді құжаттайды.

Педагог әр оқушының жеке мүмкіндіктерін мен білім және жеке жетістіктер мониторингінің нәтижелерін ескере отырып, оқытудың мазмұнын, формасын, дидактикалық құралдарын өзі таңдайды.

Бірінші сатысында оқу процесі пәнсіз оқыту негізінде ұйымдастырылады, барлық сабақтар кіріктірілген сипатта болып, орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушылардың жалпы дамуларына бағытталған (коммуникативті, жүріп-тұру, тілдік, сенсорлы). Оқушылардың жеке тұлғалық дамуының жылжуына байланысты пәндік оқытуға көшу басталады.

Екінші бөлімдегі оқушылардың айрықша зияткерлік ерекшеліктері ескеріле отырып, әр оқушы жетістігінің балдық бағасы психологиялық – педагогикалық мониторингтің негізінде іске асырылатын сипаттық бағамен алмасады.

Орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушылар екінші жылға қалдырылмайды. Білім алуды аяқтау кезінде оқушылар орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушылар үшін білім беру ұйымдарына арналған мемлекеттік үлгідегі куәлік алады.

Қорытынды

Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың білім алу құқықтарын іске асыру саласындағы басты міндет ретінде көрсетілген санаттағы балалардың білім алулары үшін, олардың психикалық, физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, қажетті жағдай жасау қарастырылады. Қарастырылып отырған санаттағы оқушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес қажетті жағдайлар арнаулы білім ұйымдарында ғана емес, жалпы білім беру мектептерде де жасалуы мүмкін.

Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды табысты оқыту мен тәрбелеудің қажетті шарты болып, балалар қауымдастығында олардың теңдәрежелі кірігуіне және тұлға ретінде өзін-өзі таныта білуді қамтамасыз ететін бейінді орта құру.

Сипаттауына осы әдістемелік нұсқаулықтар арналған, бейінді орта ретінде, оқу-тәрбие процесінің материалды-техникалық, оқу-әдістемелік, кадрлық қамтылуы қарастырылады.

Әдістемелік нұсқаулықтарда арнайы сыныптарда оқу-тәрбие және түзетедамыту жұмыстарды ұйымдастыруға қойылатын талаптар жалпы білім беру (инклюзивті) жағдайында есту, көру, сөйлеу қабілеті, жүріп-тұру мүшелерінің функциялары бұзылған, психикалық дамуының тежелуі, ақыл-ой кемістігі бар оқушылар үшін жасалған арнаулы жағдайлар мен білім беру қызметінің сапасын бағалау өлшемшарттары бола алады. Аталған санаттағы оқушыларды оқытудың тиісті жағдайының көрсеткіші ретінде:

- арнайы сыныптардың толықтыру мен іріктелуі қолданыстағы нормативті құжаттарға сәйкес болуын;
- арнайы сынып оқушыларын арнаулы Үлгілік оқу жоспары мен оқу бағдарламаларына сәйкес оқытуын;
- оқушыларды психологиялық – педагогикалық тұрғыда қолдау үшін қолдау қызметінің мамандар командасымен қамтылуын (психолог, педагог-дефектолог, логопед, арнаулы педагог және т.б.);
- біліктілікті арттыру курстары арқылы педагогикалық кадрлар мен мектептің барлық ұжымының білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушылармен жұмыс істеуге кәсіби дайындығын;
- оқу-тәрбие процесінің оқу әдебиеттермен, әдістемелік және дидактикалық материалдармен қамтамасыз етілуін;
- арнайы сынып оқушыларының мектеп өміріне, қосымша білім беруге кіріктірілуін қарастыру керек.

Жалпы білім беретін мектептерде арнайы сыныптардың ашылуы мен қызмет етуіне байланысты процестерді басқару мәселесі де маңызды қырлардың бірі болып табылады. Мектептің Жарғысында, даму бағдарламасында өзгертулер енгізу мен тиісті локальді нормативті құжаттарды әзірлеу қажет болады.

Глоссарий

1. Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар тұлғалар (балалар) – денсаулығына байланысты білім алуда үнемі немесе уақытша қиындық көретін, арнаулы білім беру оқу бағдарламалары мен қосымша білім беру бағдарламаларын қажет ететін тұлғалар.

2. Білім алу үшін арнаулы жағдайлар – арнаулы оқу бағдарламалар мен оқыту әдісін, техникалық және басқа да құралдарды, өмірсүру ортасын, сонымен қатар медициналық, әлеуметтік және басқа да қызметтерді кіріктіретін жағдайлар, оларсыз білім алуда ерекше қажеттіліктері бар тұлғалардың (балалардың) жалпы білім беру оқу және білім бері бағдарламаларын меңгеруі мүмкін емес.

3. Инклюзивті білім беру – білім алуда ерекше қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері ескеріле отырып, барлық оқушыларға білім алуға тең дәрежеде қолжеткізуді қамтамасыз ететін процесс.

4. Әлеуметтену - тұлға әлеуметтік рөлдер мен мәдени нормаларды игеріп, қоғамның теңдәрежелі мүшесі ретінде қызмет ете алуына көмектесетін білімдер, нормалар мен құндылықтардың белгілі жүйесін меңгіріп, жаңғырта алатын барлық әлеуметтік процестің жиынтығы.

5. Психологиялық-педагогикалық қолдау – өзалдына тұтас, мамандардың жүйелі ұйымдастырған әрекеті түрінде берілген, оқу-тәрбие процесінде балаға көсетілетін ерекше көмек (немесе қолдау) түрі. Оның процесінде мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес әр баланың дамуы мен табысты оқуына әлеуметтік –психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасалады.

6. Мектептік психологиялық – педагогикалық консилиумы – бұл, оқушыға бірыңғай көмек көрсету стратегиясын құру үшін, білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдауды іске асыратын білім беру ұйым мамандарының қарым-қатынас жасау формасы.

7. Дамуында шектеулі мүмкіндіктері бар балалар – белгіленген тәртіпте расталған, туа, тұқымқушылықпен шартталған, жарақат салдарынан немесе аурулармен пайда болған дене және (немесе) психикалық кемістіктері бар, өмірсүруі шектелуі балалар.

Қолданған және ұсынылған дереккөздердің тізімі

- 1 ҚР «Білім туралы Заңы» 2007 жыл 27 шілдедегі № 319-III
- 2 Специальная педагогика. / Под ред. Назаровой Н.М.- М.: АКАДЕМИЯ, 2000, 395 с.
- 3 Выготский Л.С. Собрание сочинений. Т.5 Основы дефектологии / Под ред. Власовой Т.А. М.: Педагогика, 1983, 367 с.
- 4 Шевченко С.Г. Коррекционно-развивающее обучение. Организационно-педагогические аспекты. Пособие для учителя. –М.: Владос, 1999. - 136 с.
- 5 Ерекше оқыту қажеттіліктеріне қарай қысқа мерзімдік, орташа мерзімдік және ұзақ мерзімдік негізде оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету. Әдістемелік ұсынымдар. Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2015.- 82 б.
- 6 Создание школьных консилиумов и обеспечение всесторонней поддержки детей с особыми образовательными потребностями. Методические рекомендации. Астана: НАО им. И. Алтынсарина, 2015. - 32 с.
- 7 Приказ МОН РК № 61 от 25 февраля 2014 г
- 8 Приказ МОН РК № 233 от 30 марта 2016 года
- 9 Воспитание и обучение детей во вспомогательной школе / Под ред. Воронковой В.В. М.: Школа-пресс, 1994.- 416 с.
- 10 Методические рекомендации по организации психолого-педагогического сопровождения детей с ограниченными возможностями. Утверждены приказом МОН РК № 524 от 12 декабря 2011
- 11 Щербо И.Н. Управление системой коррекционно-развивающего образования в школе. Библиотека журнала «Директор школы»./ М.: Сентябрь. 2003. -160 с.
- 12 Ямбург Е.А., Забрамная С.Д. Управление службой сопровождения детей в условиях образовательной организации. Практико-ориентированная монография. М.: Бослен, 2013.- 255 с.
- 13 Безруких М.М., Дубровинская Н.В., Фарбер Д.А. Психофизиология ребенка. М.: Владос, 2000.- 145 с.
- 14 Вильшанская А.Д. Содержание и методы работы учителя-дефектолога в общеобразовательной школе. М.: Школьная пресса, 2008
- 15 Блинова Л.Н. Диагностика и коррекция в образовании детей с задержкой психического развития М.: Издательство НЦ ЭНАС, 2002.-133 с.
- 16 Елисеева И.Г. Об обучении умственно отсталых школьников в условиях общеобразовательной школы.- // Открытая школа 2012, № 10.
- 17 Елисеева И.Г. Включение детей с ограниченными возможностями в общее образование. Ресурсные материалы. Астана, 2013.- 107 с.
- 18 Елисеева И.Г. Жангазиева Т.А., Амрина Б.Б., Чумакова О.Ф. Организационные основы и формы включения школьников с ограниченными возможностями в общеобразовательный процесс. Методические рекомендации. Алматы. 2013, 83 с.

19 Елисева И.Г. Жангазиева Т.А., Чумакова О.Ф. Проектирование коррекционно-развивающего обучения младших школьников с задержкой психического развития. Методические рекомендации. Алматы. ННПЦ КП.- 2014.- 297 с.

**Үлгілік ережелер
.....қ. №НОМ-де
дамуында шектеліктері бар оқушылар үшін арнайы сыныптар
туралы**

1. Жалпы ережелер

1.1. қ. № КММ НОМ-де арнайы сыныптар ҚР «Білім беру туралы» Заңына (2007 ж.), ҚР «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңына (2002 ж.), дамуында шектеуліктері бар балалардың кіріктірілген (инклюзивті) білім алуын ұйымдастыру бойынша ұсынымдарына (2009 ж.), жалпы білім беру ұйымдарының жұмысының Үлгілік ережелеріне (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) 2013 ж. сәйкес құрылады.

1.2. Арнайы сыныптар дамуында түрлі бұзушылықтары мен білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың оқуына, тәрбиеленуіне қажетті жағдайлар жасауға мүмкіндік беретін саралай білім беру формасы болып табылады. Олар жалпы білім беру ұйымдарымен ортақ міндеттерді шеше отырып, оқушылардың табысты оқуы мен тәрбиеленуіне кедергі болатын психикалық және / немесе дене бұзушылықтарын қалпына келтіруге немесе бәсеңдетуге бағытталған өзіндік міндеттерді атқарады.

1.3. Арнайы сыныптардың жұмысы адамгершілік, табиғижөнділілік, тұлғанын еркін дамуы ұстанымдарына сәйкес құрылады және жалпы білім беру жүйесінің вариативтілік пен бейімділігін қамтиды.

1.4. Арнайы сыныптарды ашу мақсаты – жалпы білім беру мектептерде білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың жеке типологиялық ерекшеліктеріне, сомантикалық және жүйке-психологиялық денсаулығының жай-күйіне сәйкес қолайлы педагогикалық жағдай жасауды қамтамасыз ететін тұтас жүйе құру.

2. Арнайы сыныптардың ұйымдастыруы мен қызмет етуі

2.1. №НОМ-де арнайы сыныптар білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушылар үшін арнаулы арнайы жағдайлар жасалғанда ашылады: арнайы дайындалған кадрлардың болуы, оқу-әдістемелік, бағдарламалық-дидактикалық қамтамасыз етілуі, оқу процесін ұйымдастыруға, түзету сабақтарын өткізуге сәйкес материалды-техникалық жабдықталуы.

2.2. Арнайы сыныптар әр оқушыға берілген психологиялық-медициналық –педагогикалық кеңестің (ПМПК) тұжырымдамасы негізінде мектеп директорының бұйрығымен ашылады. Көрсетілген сыныптарға ата-аналардың, бала мүддесінің заңды өкілдерінің өтініші негізінде қабылданады.

2.3. Арнайы сыныптар ауытқу түрлеріне байланысты сараланады, оқушылар саны арнаулы білім беру ұйымдар қызметінің үлгілік ережелерінде белгіленген нормаларға сәйкес.

2.4. Арнайы сыныптарда оқытылатын оқушылардың күнтәртібі балалардың тез шаршап қалуы ескере орнатылады. Сыныптардың жұмысы қажетті емшаралардың ұйымдастырылуымен ұзартылған күнтәртібіндегі бірінші аусымда бекітіледі. Жүйке бұзулуы мен аффективті тәртібінің айқын көрінісі бар, жұмыс істеу қабілеті төмен оқушыларға жеке аяушылық күнтәртібі мен міндетті емдік психикалық-терапиялық көмек ұйымдастырылады.

2.5. Түрлі бейіндегі мамандардың түзету психологиялық-педагогикалық қолдауды және кешенді зерделеуді өткізіп, ұйымдастыру үшін директордың бұйрығымен психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мен осы қызмет мамандарының қарым-қатынас жасау формасы ретінде консилиум құрылады.

Мектеп штатында мамандар болмаған жағдайда қолдауды психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің мамандары көрсете алады.

2.6. Арнайы сынып оқушылары (ақыл-ой кемістігі бар оқушылардан басқа) оқу бағдарламаларын табысты меңгеріп, дамуының жағымды динамикасын байқатса, дамуындағы тежелуін жойып, қажетті оқу әрекет дағдыларын игерсе, оқудың кез-келген кезеңінде ПМПК шешімі бойынша, оқушы мен ата-аналарының (басқа да заңды өкілдердің) келісімімен дәстүрлі сыныптарға ауыстырылуы мүмкін.

3. Арнайы сыныптарда білім беру процесін ұйымдастыру

3.1. Арнайы сыныптарда оқу-тәрбие процесі арнаулы білім беру ұйымдары қызметінің Үлгілік ережелерімен, ҚР ББҒМ бекіткен дамуының түрлі бұзылуы бойынша ерекше білім алу қажеттіліктері бар оқушыларға арналған бастауын, негізгі орта, жалпы орта білім беру Үлгілік оқу жоспарларымен, жылдық оқу кестесі мен мектептегі сабақ кестесімен реттеледі.

3.2. Оқыту дамуының түрлі бұзылуы бойынша ерекше білім алу қажеттіліктері бар оқушылар үшін әзірленген арнаулы бағдарламалармен, бейімделген бағдарламалармен және жалпы білім беру бағдарламалары бойынша ұйымдастырылады. Оқу процесінде дамуының түрлі бұзылуы бойынша ерекше білім алу қажеттіліктері бар оқушылар үшін арнаулы оқулықтар мен ОӘК, жалпы білім беру оқулықтары да қолданылады. Бұл мәселе бойынша шешімді мұғалім қабылдайды.

3.3. Мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау Қызметінің мамандарымен міндетті түрде ата-аналарының (заңды өкілдерінің) пікірі ескеріліп, ПМПК ұсынымдамасы негізінде ерекше білім алу қажеттіліктері бар әр оқушыға Жеке психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасы әзірленіп бекітіледі.

3.4. Жеке психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасы № ...НОМ әкімшілігі мен ерекше білім алу қажеттіліктері бар оқушылардың ата-аналары (заңды өкілдері) арасында бекітілген келісімшартқа қосымша болады.

3.5. Оқушының Жеке психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасы қызмет мамандарымен оқушыны кешенді психологиялық-педагогикалық зерделеу негізінде жартыжылға әзірленеді. № ...НОМ психологиялық-педагогикалық қолдау Қызметі педагогтердің, ата-аналардың (заңды

өкілдерінің) өтінішхаты бойынша туындаған қажеттілікке сәйкес жеке бағдарламаға кез-келген уақытта өзгерістерді енгізуге құқылы.

3.6. Жалпы түзете-дамыта оқыту педагогтермен барлық сабақта іске асырылады және ҚР ЖМБС сәйкес оқушылардың (ақыл-ой кемістігі бар оқушылардан басқа) оқу материалын меңгеруді қамтамасыз ету керек.

3.7. Түзету көмек көрсету үшін оқушылармен Үлгілік оқу жоспарына сәйкес, қысқартуға келмейтін және оқу жоспарының инвариативті бөлігіндегі сабақтармен ауыстыруға болмайтын, арнаулы топтық, топқа бөлінген және жеке түзету сабақтары өткізіледі. Түзету сабақтарын мамандар арнайы осы жұмысқа берілген, осы сабақтардың өткізілу тәсілі мен мазмұнының ерекшеліктеріне сәйкес жабдықталған кабинеттерде жүргізеді. Көрсетілген сабақтарда түзету жұмыстардың негізгі бағыты психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасымен, оқу жоспарының түзету компонентіндегі бағдарламалардың мазмұнымен анықталады.

3.8. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау, олардың оқытуын жүргізетін арнаулы оқу бағдарламаларының талаптары мен мазмұнына сәйкес іске асырылады. Түзету цикіліндегі пәндер бойынша балдар қойылмайды, жетістіктерді бағалау сипаттама баға арқылы іске асырылады.

3.9. Арнайы сынып оқушылары, жас және жеке- тұлғалық ерекшеліктері, қызығушылықтары мен қажеттіліктері ескеріліп, мектеп базасында ұйымдастырылған үйірмелер мен секциялырға қатысады. Қосымша білім беру бағдарламасы оқушының мүмкіндіктері мен қажеттіліктері ескеріле бейімделеді, әр жағдайда жеке.

3.10. Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлану, еңбек сабақтарын өткізу кезінде сынып 2 топқа бөлінеді. Еңбекке оқыту мазмұны өңірлік, жергілікті жағдайлармен, оқушы денсаулығының қалпымен анықталады. Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлану, еңбек сабақтарын өткізу үшін арнайы кабинеттер мен шеберханалар жабдықталады.

3.11. Қорытынды аттестаттау мәселесі білім беру басқармаларының ұйымдарымен шешіледі. Негізгі орта, жалпы орта білім беру бағдарламасын меңгерген түлектерге білім деңгейіне сәйкес мемлекеттік үлгіде бекітілген құжат беріледі.

4. Білім беру процесінің қатысушылары, олардың құқықтары мен міндеттері.

4.1. Білім беру ұйымының педагогикалық және медициналық қызметкерлері, оқушылар, олардың ата-аналары (заңды өкілдері) білім беру процесінің қатысушылары болып табылады. Оқу процесіне қатысушылардың қарым-қатынастары өзара сыйластық және білім алу мен тәрбиеленудің адамгершілік ұстанымдарына құрылады.

4.2. Арнайы сыныптарда білім беру процесін қамтамасыз ету арнайы сынып қызметінің бейіні бойынша кәсіби дайындық пен аттестациядан өткен тәжірибиелі мұғалімдермен, сонымен қатар жоғары дефектологиялық білімі бар педагогтермен іске асырылады.

4.3. Ерекше білім алу қажеттіліктері бар оқушыларды оқыту процесін психологиялық қолдауын білім беру ұйымының штатына кіретін психолог іске асырады.

4.4. Қажетті жағдайда арнайы сынып оқушыларымен жұмыс істеу үшін келісімшарт бойынша осы білім беру мекемесінде жұмыс істемейтін мамандар (офтальмолог дәрігер, отоларинголог дәрігер және т.б.) жұмылдырады

4.5. Арнайы сыныптарда жұмыс істейтін қолдау мамандар мен педагогтердің міндеттері біліктілік мінездеме негізінде әзірленіп, білім беру басшысымен бекітілген лауазымдық нұсқаулармен анықталады.

4.6. Дефектолог мұғалім лауазымдық қызметін атқару аясында:

оқушылардың максималды әлеуметтенуі бойынша мақсатталған жұмысты ұйымдастыру мақсатымен педагогикалық қызметкерлердің (соның ішінде мұғалімдердің, ұзартылған күн тобының тәрбиешілерінің, педагог-психологтің, әлеуметтік педагогтің, логопедтің), заңды өкілдерінің және басқа да қызметкерлердің жұмысында қарым-қатынасты қажет ететін, ерекше білім алу қажеттіліктері бар оқушылар үшін білім беру ұйымында түзете-дамыту ортаның құрылуына мүмкіндік туғызады; оқу-тәрбие жұмысының және оқушылардың жеке даму бұзушылығын түзету бойынша жұмыстың мазмұны мен дұрыс ұйымдастыруына жауапты; ерекше білім алу қажеттіліктері бар оқушылармен Үлгілік оқу жоспары мен жеке психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасына сәйкес сабақтар жүргізеді; оқушылардың рухани және психикалық денсаулығын сақтау мақсатында эмоционалды қолайлы атмосфераны қалыптастырады; ерекше білім алу қажеттіліктері бар оқушыларының оқу және тәрбиесі процесін жекелендіру мәселелері бойынша мектептің педагогикалық қызметкерлеріне кеңес береді. Біліктілік мінездемесіне сәйкес басқа да міндеттерді ақарады.

4.7. Арнайы сынып мұғалімдері, тәрбиешілері лауазымдық қызметтерін атқару аясында:

ерекше білім алу қажеттіліктері бар оқушылардың даму ерекшелігін ескере отырып оқу-тәрбие процесін ұйымдастырады; осы санаттағы оқушыларға қатысты өздерінің білім беру әрекеттерін дефектолог мұғаліммен келістіреді; кәсіби этиканы сақтайды, егер ерекше білім алу қажеттіліктері бар оқушыларға кері әсерін тигізсе, диагностикалық, кеңес беру жұмысының нәтижесінде алған мәліметтерді таратпайды; сабақта және сыныптан тыс жұмыста оқушылардың рухани және психикалық денсаулығын сақтау мақсатында эмоционалды қолайлы атмосфераны қалыптастырады; біліктілік мінездемесіне сәйкес басқа да міндеттерді ақарады.

4.8. Педагог-психолог лауазымдық қызметтерін атқару аясында:

Әлеуметтік, когнитивті және психологиялық мәртебесін анықтау, жайлы психологиялық ортаны құру мақсатында ерекше білім алу қажеттіліктері бар оқушылардың психологиялық зерделеуін жүргізеді; ерекше білім алу қажеттіліктері бар оқушыларда дезадаптация көрінісің алдын алу; сынып ұжымын біріктіру бойынша жұмыс жүргізеді және ерекше білім алу қажеттіліктері бар оқушылармен олардың денісау құрдастарымен

тұлғалааралық қарым-қатынастарын үйлестіреді; психологиялық, дене дамуының ерекшеліктері бар балалардың оқу мен тәрбиелену, даму мәселелерінде көмек көрсету үшін педагогикалық қызметкерлеріне, заңды өкілдерге нақты ұсынымдамалар әзірлейді;

білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушылармен түзете-дамыту сабақтарын өткізеді;

әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларының қалыптастыруы бойынша жұмыс жүргізеді.

Біліктілік мінездемесіне сәйкес басқа да міндеттерді ақарады.

4.9. Әлеуметтік педагог лауазымдық қызметтерін атқару аясында:

білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыларға түрлі ортақ әлеуметтік маңызы бар әрекеттерді, бос уақытты ұйымдастыруға көмек көрсетеді;

оқушылардың, олардың ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің мектепте, сыныпта қалыптасқан қарым-қатынаспен, білім беру процесінің ұйымдастырылуымен қанағаттандырылу деңгейін анықтайды;

білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың өзін-өзі әлеуметтік және кәсіби анықтауға, жұмысқа орналасуға, емделуге көмек көрсетеді;

кәсіби этиканы сақтайды, егер ерекше білім алу қажеттіліктері бар оқушыларға кері әсерін тигізсе, диагностикалық, кеңес беру жұмысының нәтижесінде алған мәліметтерді таратпайды;

Біліктілік мінездемесіне сәйкес басқа да міндеттерді ақарады.

4.10. Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалардың келесі құқықтары бар:

тұрғылықты мекенжайы бойынша өзінің танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес білім алуға;

танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес оқу бағдарламасы мен түзету бағдарламалар мен білім алуға;

психологиялық, дене дамуының ерекшеліктері ескеріліп, білім алуға арнаулы жағдайлар жасалуына;

білім алу процесінде өзінің құқығын, ары мен намысын қорғауға;

дене және (немесе) психикалық ауытқуларын психологиялық-педагогикалық тегін түзетуге;

ортақ білім беру қызметін ұйымдастыруда эмоционалды жайлы атмосфераның құрылуына.

4.11. Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушылар міндетті:

мектептің ішкі тәртіп ережелері мен жарғысын ұстануға;

оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларының талаптарын орындауға;

заңнамамен және мектеп жарғысымен, белгіленген басқа да міндеттерді орындауға.

4.12. Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың заңды өкілдерінің келесі құқықтары бар:

жеке психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасын әзірлеуіне және іске асырылуына, оқу және түзету сабақтарына қатысуына;

өз баласының оқуы мен тәрбиеленуіне қатысты сұрақтары бойынша арнаулы білім алу мақсатында кеңестік көмек алуына және түзету сабақтарына қатысуына;

білім беру процесінің өткізу нәтижелері туралы толық және шынайы ақпарат алуына.

4.13. Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушының заңды өкілдері отбасында оның дамуына, оқуына және тәрбиеленуіне, танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес білім алуға, денсаулығын нығайтуға, әлеуметтік бейімделуі мен қоғамға кіріктірілуіне қажетті жағдай жасайды.

4.14. Мектеп директоры арнайы сыныптардың, ұзартылған күн топтарының жұмыс істеуіне қажетті жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді олардың жұмысына бақылау жүргізеді, білім беру процесінің сапасы мен топтастыруына жауапкершілік артады.

4.15. директордың орынбасары психологиялық-педагогикалық консилиумның жұмысын ұйымдастырады, мұғалімдерге арнайы сыныпта жұмысты жоспарлау мен бағытын анықтауда жүйелі ұйымдастырушылық-әдістемелік көмек көрсетеді, арнайы сынып оқушылармен жүргізілген түзетеді дамыту жұмыстары мен оқу нәтижелерін талдайды.

КЕЛІСІМШАРТ

«_____» _____ 20__

Коммуналды мемлекеттік мекеме №... жалпы білім беру орта мектебі бұдан әрі Мекеме деп аталатын, Мекеме Жарғысы негізінде бір тараптан іс-әрекетжасайтын директор атынан _____, және білім беру мекемесіне баратын оқушының

_____ (оқушының тегі, есімі, әкесінің аты)

Екінші тараптан бұдан әрі ата-ана деп аталатын ата-анасы (заңды өкілі) әкесі _____ (тегі, есімі, әкесінің толық аты)

анасы _____ (тегі, есімі, әкесінің толық аты)

атынан төмендегі туралы келісімшарт жасасты:

1. Келісімшарттың нысаны

1.1. ҚР заңнамасына сәйкес берілетін білім беру қызметін көрсету және № ОБМ оқушысына _____ арнаулы білім беру жағдайларды қамтамасыз ету.

1.2. Осы келісімшарт №...ОБМ-і мен ата-ананың арасында өзара қатынасты анықтайды және реттейді.

1.3. Тараптар ерікті бірге серіктестік негізінде оқушының №...ОБМ-і іске асыратын білім беру бағдарламасын меңгіру мақсатында мүмкіндігін есепке ала отырып, оқушы _____ мүддесі үшін бірге әрекеттенуге міндеттеме алады.

2. Жалпы ережелер

2.1 Оқушыны _____ №...ОБМ-іне қабылдау және оқыту талаптары:

Оқушы _____ №... ОБМ-іне ата-анасының Облыстық (қалалық) психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесінің (ПМПК) тұжырымдамасының, Білім беру басқармасының бұйрығымен анықталған басқа да құжаттардың негізінде жазған өтініші бойынша қабылданады.

2.2. Оқушы _____ 20__ 20__ жылдарына:

а) Арнайы (ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған) бағдарлама және ПМПК ұсыныстарын есепке ала отырып, мектептік психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум (ПМПК) әзерлеген түзете дамыту жұмысының жеке бағдарламасы бойынша жеке психологиялық-педагогикалық қолдаумен _____ арнайы сыныпқа қабылданады.

б) МББС-ының негізінде құрылған арнайы (бейімделген) бағдарлама және ПМПК ұсыныстарын есепке ала отырып, мектептік психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум (ПМПК) әзерлеген түзете дамыту жұмысының жеке бағдарламасы бойынша жеке психологиялық-педагогикалық қолдаумен _____ арнайы сыныпқа қабылданады.

2.3. №... ОБМ-і және ата-аналар психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандарының оқушыны психологиялық-медициналық-педагогикалық кешенді түрде тексеру негізінде құрастырылған жеке түзете дамыту жұмысының бағдарламасымен, сондай-ақ мамандармен сабақ кестесімен өзара келіседі.

2.4 №... ОБМ-і заңнамаға сәйкес білім беру процесінің нәтижелерін бағалайды, аттестация нәтижелері бойынша оның тиімділігі туралы шешім қабылдайды.

3. №... ОБМ-інің құқығы мен міндеттемесі

3.1. №... ОБМ-інің құқықтары

3.1.1. Оқушыны мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау түрін бұл жұмысты ПМПК ұсыныстарына сәйкес және оқушының мүмкіндігі мен қажеттілігін психологиялық-педагогикалық кешенді түрде тексеру негізінде мамандар анықтайды.

3.1.2. Сабақты ұйымдастыру түрлерін, педагогикалық технологияны, оқыту әдістемесін, тәрбиелеу мен түзете дамыту жұмысын баланың мүмкіндігін есепке ала отырып, ата-аналарының келісімімен өздігінен әзірлейді, таңдайды және қолданады.

3.1.3. Оқушылардың түзете дамыту сабақтарына баруының жеке кестесін оқушының ата-анасы келісімімен №... ОБМ-інің ПМПК ұсыныстары бойынша құрады және өзгертеді.

3.1.4. Баланы отбасында тәрбиелеу мен оқыту, рухани және дене тұрғысынан жетілдіру бойынша ұсыныстар ендіріледі, сонымен бірге ата-аналарға емдік-сауықтыру мекемелеріне баруды ұсынады.

3.2. №... ОБМ-інің міндеттемелері

3.2.1. Қамтамасы ету:

- баланың құқығы мен абыройын;
- оқушылардың дене және психикалық денсаулығын нығайту, өмірін қорғау;
- оны зерделік, дене тұрғысынан және жеке тұлғалық дамыту;
- оның жеке ерекшеліктерін есепке ала отырып, шығармашылық қабілеттерін және қызығушылықтарын дамыту;
- оқу-тәрбие процесінде оқушыға жеке тәсілдеме қолдану.

3.2.2. Баланы мектепте оқытудың басталу сәтінен 4 аптадан артық кешіктірмей, психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасын әзірлеу.

3.2.3. Оқушылардың ҚР заңнамасына сәйкес сапалы білім алуға деген құқығын жүзеге асыру үшін жағдай тудыру.

3.2.4. Мектепмамандары ПМПК ұсыныстарына және психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасына сәйкес оқушыны қажетті психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтамасыз етеді.

3.2.5. Оқушыларға жұмыс тізіміне сәйкес мектепте, сондай-ақ ПМПК мен № ... ОБМ-інің ПМПК ұсыныстарын есепке ала отырып, ұзартылған күн тобында болуға мүмкіндік туғызады.

3.2.6. Ата-аналарға білікті көмек көрсету (№ ... ОБМ-інің мамандарының құзыреттілігінің аясында), ата-аналарға жақын арада болатын кеңестер мен кеңестердің нәтижелері, сондай-ақ білім беру үдерісінде туындаған мәселелер туралы хабардар етеді.

3.2.7. Психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасынан ауытқығанда немесе оны жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда бағдарламаны түзету мақсатында бұл туралы ата-аналарға дер кезінде хабар беріледі.

3.2.8. Ата-аналарды № ... ОБМ-інің қызметін реттейтін жергілікті актілермен және білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілермен таныстырады.

4. Ата-аналардың құқықтары мен міндеттемелері

4.1. Ата-аналардың құқықтары:

4.1.1. Оқушының білім алуға деген құқығын жүзеге асыру үшін № ... ОБМ-інен Жарғыны және осы шарттың талаптарын сақтауды талап етеді.

4.1.2. № ... ОБМ-інің әлеуметтік, мәдени, білім беру және басқару міндеттерін шешу мақсатында № ... ОБМ-інде өзін-өзі басқару органдарын құруға және оның жұмысына қатыса алады.

4.1.3. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандарынан кеңес ала алады.

4.1.4. Мектептің ПМПК мамандарымен бірлесе отырып, оқушыны психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасын әзірлеуге қатыса алады.

4.1.5. Білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру барысымен, сондай-ақ № ... ОБМ-інің әкімшілігімен жолығады, оқыту жағдайларымен, оқыту, тәрбиелеу және түзету әдістемелерімен танысады.

4.1.6. № ... ОБМ-інің педагогтары мен мамандарына баланың денсаулығы, олардың ауырғандары, емдеу және білім беру үдерісін ұйымдастыруға әсер ететін басқа да жағдайлар туралы толық ақпарат береді.

4.1.7. Оқушыға № ... ОБМ-інен тыс, басқа мекемелерде, ұйымдарда және жеке тұлғаларда қолданылған білім беру бағдарламасын меңгеру сапасына әсер

етуі мүмкін медициналық, психологиялық-педагогикалық және басқа да оқушыға көрсетілген көмектің барлық түрлері (оның ішінде медициналық препараттар) туралы № ... ОБМ-інің әкімшілігіне дер кезде хабарлау.

4.1.8. Психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасынан ауытқығаны туралы және оның себебі туралы ақпаратты дер кезінде алу.

4.1.9. Сабаққа № ... ОБМ-інің әкімшілігінің келісімімен қатысуға болады.

4.1.10. № ... ОБМ-іне заңдағы бекітілген тәртіп бойынша жарғы міндеттерін жүзеге асыруға ерікті көмек көрсету.

4.2. Ата-аналардың міндеттері

4.2.1. ҚР «Білім туралы» заңына сәйкес өз баласын тәрбиелеуге және дамытуға, өз баласының денсаулығына, дене тұрғысынан, психикалық, рухани және адамгершіліктік тұрғыда дамуына қамқорлық көрсетуге жауапты болады.

4.2.2. Оқушыға тағайындалған емдік шаралар туралы № ... ОБМ-інің әкімшілігіне дер кезінде хабарлау, егер тағайындалған емдеу курсы себебінен оқушының білім беру үдерісін үзуіне тура келсе, онда № ... ОБМ-інің ПМПК ата-анасымен (заңды өкілдермен) бірге психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасына түзетулер ендіреді.

4.2.3. Мамандардың ұйымдық және жүзеге асыру мәселелері бойынша берген ұсыныстарын сақтау: күн түзімі, дамыту шаралары, үй еңбегі (үй тапсырмаларына дайындықты қосқанда) мен демалысты, қиымыл-қозғалыстық белсенділікті кезектестіру. баланың ПМПК-тің ұсыныстарына және психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламаларына сәйкес жекедара және топтық сабақтарға қатысуын қамтамасыз ету.

4.2.4. Өз баласын оқыту, тәрбиелеу, қолдау бағдарламасын жүзеге асыру мәселелері бойынша № ... ОБМ-інің мамандарынан немесе тартылған мамандардан кеңес алу.

4.2.5. Мектеп жұмысының барлық бағыттары бойынша № ... ОБМ-імен өзара әрекеттену.

5. Қорытынды ережелер

5.1. Шарт бір оқу жылы мерзіміне жасалып, қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

5.2. Осы шартты өзгертуге бір тараптың жазбаша өтініші бойынша осы шарттың бөлінбес бөлігі болып табылатын қосымша келісім жасау арқылы рұқсат етіледі.

5.3. Шарттың заңды күші бірдей екі данасына қол қойылады, әрбір тарапта бір данадан сақталады.

6. Тараптардың мекенжайы мен реквизиттері:

	Ата-ана: Индекс, үйдің мекенжайы: Жеке куәлік № « » ____ жылы Кіммен берілген Тел.
--	--

7. Тараптардың қолдары

№ ... ОБМ-інің директоры

Ата-ана

М.О.